

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.ЖУБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**5В050800 «ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ
СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН «БИЗНЕСТІ БАҒАЛАУ» КУРСЫНАН
ДӘРІС ЖИНАҒЫ**

АҚТӨБЕ , 2016

«Бизнесті бағалау» курсынан қысқаша дәріс жинағы: 5B050800 «Есеп және аудит» мамандығының студенттеріне арналған -Ақтөбе : Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің редакциялық баспа бөлімі, 2016. 85 бет

Құрастырушы:

«Қаржы және есеп» кафедрасының доценті, э.ғ.к. З.О.Иманбаева.

Сын – пікір берушілер:

1. АЭСА доценті, э.ғ.к. Шукурова Б.М.
2. Қ.Жубанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті, э.ғ.к. Таскарина Б.М.

Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің экономика және факультетінің әдістемелік кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған

№ 9 хаттама « 21_» 05 2016 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 тақырып. Бизнесті бағалаудың жаңа кезеңін түсіну: мәні, мақсаты.....	4
2 тақырып. Бизнесті (кәсіпорын) бағалаудың негізгі принциптері және құн түрлері.....	9
3 тақырып. Бизнесті (кәсіпорын) бағалауды анықтау үшін ақпараттық базаны құру.....	19
4 тақырып. Бағалау процедурасы.....	28
5 тақырып. Бизнесті бағалауда шығындық тәсілі.....	30
6 тақырып. Бизнесті бағалауда кіріс тәсілі.....	33
7 тақырып. Бизнесті (кәсіпорын) бағалауда салыстырмалы (нарықтық) тәсілді қолдану ерекшеліктері мен мазмұны.....	37
8 тақырып. Кәсіпорынның қаржылық күйін бағалау.....	41
9 тақырып. Бағалау процедурасының нысандауы.....	44
10 тақырып. Жер учаскелерінің құнын бағалау.....	51
11 тақырып. Жылжымайтын мүлікті бағалау.....	57
12 Тақырып. Кәсіпорынның құралдары мен машиналардың құнын бағалау.....	67
13 тақырып. Кәсіпорынның айналым капиталының құнын бағалау.....	74
14 тақырып. Кәсіпорынның материалдық емес активтерін бағалау.....	77
15.Тақырып. Шет ел тәжірибесімен бизнес (кәсіпорын)құнын бағалау.....	80
Қолданылған әдебиеттер	82

Кіріспе

Нарықтық қатынастардың аму қарқынына байланысты, кәсіпорын құнын бағалау қажеттілігі өсе береді. қазақстан Республикасының «Бағалау қызметі туралы» заңына сәйкес Меншік объектілерін бағалау – бұл міндетті жекешелендіру кезінде, басқаруды сенімді тұлғаға беруде немесе жалға беруде, сатуда, ипотекалық несиелендіруде, жарғылық капиталға салым ретінде беруде қажет болып табылады.

Кез-келген жеке меншік объектісінің құнын бағалау өз кезегінде реттелген, мақсатты бағытталған процесс. Ол нарық шартындағы белгілі уақытта объектінің бағасын потенциалды және нақты пайда есебімен ақшалай бейнелейді.

«Бизнесті бағалау» пәні нақты есептерді шешу үшін бизнесті бағалаудың негізгі әдістерін, жеке меншіктің әртүрлі формаларын, шаруашылық түрлерін және жиынтық бағалаудың жүйесін зерттеу жайлы қажетті білім береді.

Курстың мақсаты студенттерге нарықтық экономика жағдайында бизнестің құнын бағалаудың есептеу жүйесін зерттеу, бағалаудың негізгі әдістерін қолдану арқылы меншік формаларына байланысты шаруашылық түрлеріне қарай бағытталған есептеулер жүргізу. Біліктілікпен қабілеттілікті шындастыру.

ДӘРІС МАТЕРИАЛДАРЫ

1 тақырып. Бизнесті бағалаудың жаңа кезеңін түсіну: мәні, мақсаты

Сабақ мақсаты: бағалау түсінігі, бағалаудың субъектілері мен объектілері пәні, мақсаты туралы түсініктер беру

Кілт сөздер: бағалау, бағалау процесі, бизнес құны, сұраныс пен ұсыныс заңы, уақыт, тәуекел

Дәріс жоспары:

1. Бизнесті (кәсіпорын) бағалау мәнісі мен қажеттілігі.
2. Шаруашылық субъектісінің құндық бағалауының жалпы теориясы.
3. Бағалау объектісі ретінде бизнес пен кәсіпорын ерекшелігі

Кез келген жеке меншік объектінің құнын бағалау өз кезегінде реттелген, мақсатты бағытталған процесс. Ол нарық шартындағы белгілі уақытта объектінің бағасын потенциалды және нақты пайда есебімен ақшалай бейнелейді.

Бағалау процесі бағаланатын объект пен бағалаушы субъект негізі болып табылады.

Бағалау субъектісі болып арнайы білім алған және тәжірибеден өткен мамандандырылған бағалаушылар табылады.

Бағалай объектісі болып меншіктегі құқы бар немесе бірнеше меншіктен құқылы жеке адамның немесе компанияның меншігі табылады. Ол бизнес, компания, кәсіпорын, банк, материалдық және материалдық емес активтердің жеке түрлері бола алады.

Құнды бағалаудың маңызы оның нарықтық сипатта болуында. Бұл тек бағаланып жатқан объектінің сатып алу мен құруға арналған шығындарды есептеуден ғана құрылмайтынын көрсетеді. Ол нарықтық факторлардан тәуелді: уақыт, тәуекел, нарық конъюктурасы, бәсекелестердің моделі мен сатысы, бағаланатын объектінің экономикалық ерекшеліктері, оның нарықтық қозғалысы мен макро және микроэкономикалық ортадағы қозғалысы.

Негізгі фактор болып уақыт пен тәуекел табылады. Нарықтық экономика динамикасы арқылы ерекшеленеді. Уақыт факторы маңыздырақ десек те болады. Өйткені, ол барлық нарық процестеріне қатысады: бағаға, құнға, қабылдаған шешімге.

Босқа, ешқандай өнім шығармай өткен уақыт ақшаны жоғалтқанын білдіреді. Бұндай салдардан құтылудың басты шарты – капиталдың жұмыс істеуін тоқтатпау. Егер жүк бір орында сақталып қалса, ақша пайда әкелмейді. Сонымен бірге кіріс одан да үлкен кіріс алуға көмектеседі.

Кірісті алу уақ интервалмен, кезеңдермен өлшенеді. Интервал немесе кезең күнге, аптаға, айға, тоқсанға, жартыжылдыққа және жылға тең болуы мүмкін.

Бағалау процесінде ақша қаражаттарын төлеу және алу кезінде уақыт маңызды орын алады. Объектінің нарықтық құны әртүрлі факторлардың әсері арқылы уақыт бойынша өзгереді. Сондықтан ол тек нақты уақыт

мерзіміне негізделіп есептелінеді. Нарықтық құны ертеңіне тіпті басқа болуы мүмкін. Нарықтық экономиканың шартына сәйкес меншік объектісін тұрақты түрде бағалау және қайта бағалау қажетті шара.

Нарықтық экономиканың басқа бір қыры тәуекел болып табылады. Тәуекел нарық конъюктурасымен, макроэкономикалық процестермен және т.б. байланыс тұрақсыздықты, түсініксіздікті, анықсыздықты білдіреді. Басқаша айтқанда, тәуекел – бұл инвестициядан алынатын кірістер мүмкіндігі болжамдалғаннан кем немесе артық болуы мүмкін. Бағалау кезінде тәуекелдің бірнеше түрлері болатындығын және нарықтық экономикада қалыптасқан шарттарында абсолютті тәуелсіз болмайтындығын есте ұстаған жөн.

Бағалаушылар қолданған әдістер және әрекеттері бағаланатын процестің ерекшелігіне, сонымен бірге бағаланатын объектінің экономикалық ерекшелігіне және бағалау принциптері мен мақсаттары арқылы анықталады.

Кәсіби бағалаушы өзінің қызметінде нақты бір мақсатты басшылыққа алады. Мақсаттың дәл, үлгілі құрылуы бағалау әдісін есептелініп отырған баға түрлерін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

Бағалаудың мақсаты клиентке шешім қабылдау үшін қажет қандай да болмасын бағалау құнын анықтаудан тұрады. Бағалау жұмыстарын жүргізуге әр түрлі жақтар қызығушылық білдіреді: мемлекеттік құрылымдардан бастап жеке тұлғаларға дейін, бизнесті бағалауға бақылау-ревизия органдары, басқару құрылымдары, несие ұйымдары, сақтандыру компаниялары, салық фирмалары және басқа да ұйымдар, жеке бизнес иелері, инвесторлары және т.б. қызығушылық тудыруда.

Бағалау жұмыстарын жүргізуге қызығушылық тудыратын жақтар өздерінің экономикалық қызығушылықтарын орындауға ұмтылғанда бағалаудың мақсаттарын анықтайды.

Бизнесті бағалауды келесі мақсаттарға байланысты жүргізеді:

- Кәсіпорынды, фирманы ағымдық бақылағанда тиімділікті жоғарылату;
- Қор нарығында кәсіпорынның акциясын сатып алу-сату жағдайы болған кезде бағалы қағаздардың баға анықтау негізделген инвестициялық шешімдер қабылдау үшін кәсіпорынның меншігін және осы меншіктің бір бөлігін бағалау қажет. Ол сатып алынған акция пакетіне және болашақта бизнестен түсетін мүмкін пайдаларға сәйкес келеді;
- Кәсіпорынды толығымен немесе бөлік-бөлігімен сатып алу-сату жағдайындағы кәсіпорынның бағасын анықтау. Кәсіпорынның иесі өзінің бизнесін сату шешімін қабылдаса немесе серіктестіктің бір мүшесі өзінің пайын сатуды көздесе, кәсіпорынның нарықтық құнын немесе оның активтерінің бөлігін анықтау қажеттілігі туындайды. Нарықтық экономикада кәсіпорынды бағалау қажеттілігі келісім-шарт жасасу үшін немесе әріптестердің бірінің қайтыс болуына байланысты туады;
- Кәсіпорынның реструктуризациялары (құрылымын өзгерту) .

Холдингінің құрамына өз алдына қызмет атқаратын кәсіпорынды бөлу, біріктіру, жабу, оның нарықтық бағалануын өткізуге мүмкіншілік береді. Өйткені акционерлер бір кәсіпорынның екінші кәсіпорынды бақылауға алу арқылы төленіп отырған сыйақы көлемін, конвертациялар, акциялардың сату немесе сатып алу бағасын анықтау қажет;

- Кәсіпорынның даму жоспарын өңдеп шығару. Стратегиялық жоспарлау процесінде фирманың болашақ табысын, оның қарсы тұру деңгейі және имиджінің құндылығын бағалау маңызды;
- Кәсіпорынның несие қабілеттілігін және несие алу жағдайындағы кепілдіктің құнын анықтау. Бұл жағдайда бағалаудың қажеттілігі мынаған байланысты туындайды: бухгалтерлік есептілік бойынша активтер құнының шамасы оның нарықтық құнынан бір мезгілде айырмашылық болуы мүмкін;
- Жоғалту болған жағдайда активтердің құнын анықтау қажеттілігі туындайды;
- Салық салу. Базаға салынатын салықты анықтаған кезде кәсіпорынның объективті бағаланудан өткізуі қажет;
- Дәлелденген басқару шешімдерін қабылдау. Инфляция кәсіпорынның қаржылық есептілігін бұрмалайды. Сондықтан тәуелсіз бағалаушылардың мүлкті кезеңдік қайта бағалауы қаржылық есептіліктің нақтылығын жоғарылатады, ол қаржылық шешім қабылдаудың базасы болып табылады;
- Бизнестің дамуының инвестициялық жобасын құру жағдайындағы кәсіпорынның толық бастапқы құнын, оның өзіндік капиталын, активтерін, бизнесін білгеннен кейін барып құруға болады.

Егер шарт жасаудың объектісі сату-сатып алу, несиелеу, сақтандыруға, жалға алу немесе лизинг болып табылса, кәсіпорынның мүлігінің қандай да бір элементіне пай кірістіру және де мүлікке салық анықталса және т.б., онда қажетті объект және бағалануды, мысалы, мүлік, машиналар мен жабдықтар, материалдық емес активтер.

Кәсіпорын мүлігінің даму құнын бағалау келесі жағдайларда жүргізіледі:

1. Түрлі себептерге байланысты мүліктің қандай да бір бөлігін сату: пайдаланылмайтын жер учаскесі, ғимараттар, құрылыстарды жою үшін, несие алуға жағдайы болмағандағы кредиторлармен есеп айырысу, сот шешіміне сәйкес өз серіктестеріне келтірген зардаптарымен есептесу және т.б.;
2. Мүліктің бөлігін кепілге қойып несие алу;
3. Жылжымайтын мүлікті сақтандыру және соған байланысты сақтандырылатын мүліктің құнын анықтау;
4. Мүлікті жалға беру;
5. Мүлікке салықты есептеу үшін салық базасын анықтау;
6. Мүліктің бір бөлігін басқа құрылуға тиіс кәсіпорынның жарғылық капиталына үлесін дайындау;

7. Қандай да бір инвестициялық жобаны жасағанда, бизнес жоспарын өңдегенде бағалау;
8. Кәсіпорын шығындарын жұмсағанда жылжымайтын мүліктің барлығының құнын аралық сатыда бағалау.

Жабдықтардың құнын бағалау келесі жағдайларға байланысты қажет:

- Жабдықтардың, құралдардың және қалдықтардың кейбір бірліктері белгілі бір себептерге байланысты сату: қажетсіз, физикалық және моральдық тозған жабдықтардан құтылу үшін; төлем қабілетсіздік жағдайда кредиторлармен есеп айырысу; экономикалық және экологиялық критерилер бойынша прогрессивті жабдықтармен алмастыру;
- Екіжақты келісім және несиemen қамтамасыз ету үшін жылжитын мүліктің қандай да бір бөлігін жалға дайындау;
- Жылжитын мүлікті сақтандыру;
- Машиналар мен жабдықтардың лизинг ұйымдары;
- Машиналар мен жабдықтарды жалға беру;
- Мүлікке салықпен есептесу үшін негізгі құралдарға арналған салық базасын анықтау;
- Машиналар мен жабдықтарды капиталына салым ретінде дайындау;
- Инвестициялық жабдықтарды өңдеу кезінде машиналар мен жабдықтардың құнын бағалау;

Бизнес иесі бизнесін сатуға, жалға беруге, сақтандыруға, мұра етуге құқығы бар. Сол арқылы бизнес келісім объектісі бойында өзіне тән қасиеттері бар тауарлар болып табылады.

Барлық тауарлар сияқты бизнес сатып алушы үшін пайдалылық әкеледі. Ең алдымен ол кіріс алуда тұтынуға сәйкес келуі керек. Қай тауарда болмасын бизнестің пайдалылығын пайдалану арқылы орындалады. Олай болса, бизнес меншік иесіне пайда әкелмесе, ол өзінің пайдалылығын жояды және сатуға жатады. Егер басқа біреулер оны пайдаланудың жаңа жаңа тәсілдерін білсе, пайда табудың басқа жолдары, онда бизнес тауарға айналады. Мұның барлығы кәсіпорын үшін де, фирма үшін де әділ болады.

Бизнес, кәсіпорын және фирма тауардың барлық белгісіне ие және сатып алу – сату объектілері бола алады. Бірақ, бұл тауардың ерекше түрі және бұл ерекшеліктері бағалаудың принциптерін, модульдерін, әдістері мен тәсілдерін алдын – ала анықтайды.

Біріншіден, бұл тауар инвестициялық, яғни болашақта қайтарып алу мақсатымен салынған тауар. Шығындар және кірістер уақыт арқылы бөлінген. Сонымен бірге күтілген пайда белгісіз үлкен мәнге ие. Сондықтан инвесторға сәтсіздік мүмкіндігінің тәуекелін есте ұстау қажет. Егер болашақ кірістер инвесторлық тауарларды алудан уақыт есебінде шығындардан аз болса, ол өзінің инвесторлық құндылығын жоғалтады. Олай болса меншік иесі ала алатын болашақ кірістердің ағымдық құны сатып алушы жағынан нарықтық бағаның жоғарғы шегін көрсетеді.

Екіншіден, бизнес – жүйе болып табылады, бірақ барлық жүйені толығымен сатуға болады да және оның жүйелерін, тіпті элементтерін де жеке сатуға болады. Бұл жағдайда өзінің нақты капиталымен, нақты ұйымдық-экономикалық формасымен байланысты бүлінеді, бизнестің элементтері сапалы жаңа жүйелердің құрылуына негіз болады. Дәйекті түрде бизнес тауар болмайды, оның жеке құраушылары болады.

Үшіншіден, бұл тауардан тұтынушылық түрлі процестерден тәуелді, яғни тауардың өзінің ішімен қатар сыртқы ортада да қалыптасады. Сонымен қатар бір жағынан қоғамдағы тұрақсыздық бизнесті қабілетсіз етеді, екінші жағынан тұрақсыздық болашақта қоғамның өзінде тұрақсыздықты туғызады. Бұдан бизнес тауар ретінде деген тағы бір ерекшелік шығады – сатып алу – сатуды реттеудегі қажеттілік.

Төртіншіден, қоғамдағы тұрақтылық үшін бизнестің ерекше қабілеттілігін ескере отырып, мемлекет бизнесті сатып алу – сату механизмін реттеуге қатысып қана қоймай, сонымен бірге бизнес үшін нарықтық бағаның құрылуы және оны бағалауға қатысуы керек.

Кәсіпорындағы сұраныс пайдалылықпен бірге потенциалды инвесторлардан, ақшаның құндылығынан, қаржы нарығына қосымша капитал мүмкіндігінен тәуелді. Инвесторлардың кіріс деңгейіне қатынасы және тәуекел деңгейі тіпті оның жасынан тәуелді. Жаңалары болашақтағы үлкен кірістер үшін одан да жоғары тәуекелге бейім келеді.

Бизнестің құны мен сұранысына әсер ететін негізгі фактор инвестициялар үшін альтернативті мүмкіншіліктердің дәлдігі табылады.

Сұраныс тек экономикалық факторлардан тәуелді емес. Сонымен бірге, әлеуметтік және саяси фактор, яғни қоғамдық ортадағы бизнеске көзқарастары қандай және саяси тұрақтылық сияқты. Ұсыныс бағасы біріншіден, қоғамда аналогты кәсіпорынды құру шығындарымен анықталады. Сатуға ұсынылған объектілер саны да кіріске әсер етеді.

Сатып алушының да, сатушының да шешім қабылдауы таңдауы берілген бизнестің перспективалы дамуынан тәуелді. Кәсіпорынның банкрот алдында қалыпты жағдайындағы құны кәсіпорынның аналогты активтерінің құнынан төмен болады.

Кез келген объектінің бағалық құнына сұраным мен ұсыныстардың арасындағы байланыс әсер етеді. Егер сұраным ұсынымнан жоғары болса, онда сатып алушылар максималды бағаны төлеуге дайын. Сұраным бағасының жоғары шегі болашақ пайданың ағымдық құнымен анықталады. Оған сол кәсіпорынды иелік етушіден алынатын иеліктері. Әсіресе, бұл ұсыным табиғи мүмкіншіліктерден шектеулі салаларға бейімірек. Бұдан шығатын қорытынды ұсынымнан жоғарылауы шикізат кәсіпорындарының бағасының максималды шегіне жақынырақ болады. Сонымен бірге ұсынымнан сұранымның асып кетуі мүмкін.

Егер ұсыным сұранымнан жоғарылап кетсе, онда бағаны өндіруші белгілейді. Ол өзінің бизнесін сататын төмен баға оны құрудағы шығындармен анықталады.

Сонымен, бағалатын құнын анықтайтын негізгі факторлар болып мыналар табылады:

- сұраным;
- бағаланушы бизнестің қазіргі және болашақтағы пайдасы;
- аналогты кәсіпорын құрудағы шығындар;
- аналогты объектілерге сұраным мен ұсыныстардың ара қатынасы;
- кіріс алуға деген тәуекел ;
- бизнесті бақылау деңгейі және активтерді тарату деңгейі.

Бақылау сұрақтары:

1. Бизнесті бағалаудың мақсаты
2. Бағалау объектісі ретінде бизнестің ерекшеліктері
3. Сұраныс пен ұсыныс кімдердің тарапынан болады және олардың арасындағы байланыс
4. Бағалау субъектісі және бағалау объектісі дегенді түсіндір
5. Бизнесті бағалаудағы негізгі факторлар

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңы, 30 қараша 2000 жыл №109-11.
 2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2000 года №442-ІІ.
 3. Абрамов С.М. Инвестирование.-М.:Центр экономики маркетинга, 2000.
 4. Андыбаева Г.Т. Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп және есептілік Алматы: Әрекет-Print, 2009
 5. Аскарова Ж.А. Бизнесті бағалау. Алматы: Заң әдебиеті. 2008
 6. Аскарова Ж.А. Бизнесті бағалау Электрондық кітап. Алматы: Нур-пресс. 2010
- Вещунова Н.Л. Бухгалтерский учет на предприятиях различных форм собственности М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф, 2001

2 тақырып. Бизнесті (кәсіпорын) бағалаудың негізгі принциптері және құн түрлері.

Сабақ мақсаты: бизнесті бағалаудың уақыт, тәуекел, нарық конъюктурасы, бәсекелестердің моделі мен сатысы, бағаланатын объектінің экономикалық ерекшеліктері, оның нарықтық қозғалысы мен макро және микроэкономикалық ортадағы қозғалыс факторларына тәуекелділігін зерттеу.

Кілт сөздер: құн, нарықтық құн, нормативтік есептелетін құн, инвестициялық құн, сақтандыру құны, салық салу құны, утилизация (скраптық) құн ,өндірістік құн

Дәріс жоспары:

1. Бағалау кездегі анықталатын құн түрлері
2. Қолдаушы көзімен негізделген бағалау принциптерін басу, күту, пайдалылығы, сәйкестілігі

Нарықтық экономиканың дамуы меншіктің көптеген формалары және меншікке иелік ету туды. Меншік иесінің үй, пәтер, басқа да меншікке өз қажетінше бөлу және бизнесі үшін офис тауып, өзінің құралдарын салуға мүмкіндік туды.

Меншік құқығын иелену үшін көптеген сұрақтар мен мәселелер туындайды. Мұндай мақсаттардың бірі – меншіктің құны.

Бұл мәселелермен кәсіпорындар, фирма, акционерлік қоғам, қаржы институттары көп кездеседі. Кәсіпорындарды акционерлеу, ипотекалық несиелерді дамыту, қор нарығы және сақтандыру жүйелері: жаңа қызмет көрсетуді тұжырымдайды, объектілер құнын бағалау және меншік құқығы.

Бизнесті бағалаудың негізгі түсініктері

Кез-келген меншік объектінің құнын бағалау өз кезегінде реттелген мақсатты бағытталған процесс. Ол нарық шартындағы белгілі уақытта объектінің бағасын потенциалды және нақты пайда есебімен ақшалай бейнелейді.

Бағалау процесі бағаланатын объект пен бағалаушы субъект негізі болып табылады.

Бағалау субъектісі болып арнайы білім алған және тәжірибеден өткен мамандандырылған бағалаушылар табылады.

Бағалау объектісі болып меншіктегі құқы бар немесе бірнеше меншікке құқылы жеке адамның немесе компанияның меншігі табылады. Ол бизнес, компания, кәсіпорын, банк, материалдық және материалдық емес активтердің жеке түрлері бола алады.

Құнды бағалаудың маңызы оның нарықтық сипатта болуында. Бұл тек бағаланып жатқан объектінің сатып алу мен құруға арналған шығындарды есептеуден ғана құралмайтынын көрсетеді. Ол нарықтық факторлардан тәуелді: уақыт, тәуекел, нарық конъюктурасы, бәсекелестердің моделі мен сатысы, бағаланатын объектінің экономикалық ерекшеліктері, оның нарықтық қозғалысы мен макро және микроэкономикалық ортадағы қозғалыс.

Негізгі факторлар болып уақыт пен тәуекел табылады. Нарықтық экономика динамикасы арқылы ерекшеленеді. Уақыт факторы маңыздырақ десек те болады. Өйткені, ол барлық нарық процестеріне қатысады: бағаға, құнға, қабылдаған шешімге.

Босқа, ешқандай өнім шығармай өткен уақыт ақшаны жоғалтқанын білдіреді. Бұндай салдардан құтылудың басты шарты – капиталдың жұмыс істеуін тоқтатпау. Егер жүк бір орында сақталып қалса, ақша пайда әкелмейді. Сонымен бірге кіріс одан да үлкен кіріс алуға көмектеседі.

Кірісті алу уақыт интервалмен, кезеңдермен өлшенеді. Интервал немесе кезең күнге, аптаға, айға, тоқсанға, жарты жылдыққа және жылға тең болуы мүмкін.

Бағалау процесінде ақша қаражаттарын төлеу және алу кезінде уақыт маңызды орын алады. Объектінің нарықтық құны әртүрлі факторлардың әсері арқылы уақыт бойынша өзгереді. Сондықтан ол тек нақты уақыт мерзіміне негізделіп есептелінеді. Нарықтық құны ертеңіне тіпті басқа болуы

мүмкін. Нарықтық экономиканың шартына сәйкес меншік объектісін тұрақты түрде бағалау және қайта бағалау қажетті шара.

Нарықтық экономиканың басқа бір қыры тәуекел болып табылады. Тәуекел нарық конъюктурасымен, макроэкономикалық процестермен және т.б. байланыс тұрақсыздықты, түсініксіздікті, анықсыздықты білдіреді. Басқаша айтқанда, **тәуекел** – бұл инвестициядан алынатын кірістер мүмкіндігі болжамдалғаннан кем немесе артық болуы мүмкін. Бағалау кезінде тәуекелдің бірнеше түрлері болатындығын және нарықтық экономикада қалыптасақан шарттарында абсолютті тәуелсіз болмайтындығын есте ұстаған жөн.

Бағалаушылар қолданған әдістер және әрекеттері бағаланатын процестің ерекшелігіне, сонымен бірге бағаланатын объектінің экономикалық ерекшелігіне және де бағалау принциптері мен мақсаттары арқылы анықталады.

Бағалау кезінде анықталған құн түрлері

Жүргізіліп жатқан бағалаудың мақсаты бағалаушы құнның түрлерін есептелген және таңдалған факторлардан тәуелді.

Құн – бұл ақша эквиваленті, сатып алушы қандай да бір затты немесе объекті айырбастауға дайын болу. Құн баға және шығындардан ерекшеленеді.

Нарықтық деңгейі бойынша нарықтық құн және нормативтік есептеу құны болып ажыратылады.

Бағалаудың халықаралық стандарттарында нарықтық құн былай түсіндіріледі: есептік өлшем ол арқылы адекватты маркетингтен кейін ерікті сатушы мен ерікті сатып алушы арасындағы коммерциялық шарттың нәтижесі мүлікті қолдан қолға ауыстыруды бағалау мерзімі шараланады, бұнымен қоса әрбір жақ тиімді, есепті және күш көрсетусіз әрекет етті деп шамаланады.

Нарықтық құн – бұл типтік сатушы мен сатып алушы арасындағы шарт жасасу кезінде жоғары мүмкіншілік баға. Анықталған мынадай дәлелге қарсы тұрады: нарықтық құн нақты уақытта нарық жағдайы нәтижесінде есептеледі, сондықтан нарықтық шарттардың өзгеруі кезінде нарықтық құн да өзгеретін болады. Сатушы мен сатып алушыға сыртқы қысымдар көрсетілмейді және екі жақ та сатылатын мүліктің негізі мен сипаты туралы толық ақпаратпен қамтылған.

Кейбір жағдайда нарықтық құн теріс өлшеммен беріледі. Мысалы, бұл көне мүлік объектілері жағдайында болуы мүмкін, яғни жер учаскелерінің құнынан асатын тозуға жұмсалған шығындар шамасы немесе экологиялық қолайлы объектілерді бағалау жағдайында.

Нормативтік есептелетін құн – бұл меншік объектісінің құны. Ол уәкілетті органдармен бекітілген әдістер мен нормативтер негізінде есептеледі. Сонымен бірге бірыңғай нормативтердің шкалалары қолданылады.

Нормативтік есептелетін құн нарықтық құнмен дұрыс сәйкес келмейді, бірақ нормативтер кезең сайын нарықтық құнның базасына сай жаңартылып отырады.

Бағалау сәйкес құнының нарықтық, инвестициялық, сақтандыру, салық салу, утилизация түрлері ажыратылады.

Меншікті сату объектісі ретінде ашық нарықта бағалау кезінде нарықтық құн қолданылады.

Инвестициялық жобалар құралған жағдайда инвестициялық құнесептеледі.

Инвестициялық құн - анық инвестициялау мақсатында нақты инвесторға арналған меншік құны.

Нарықтық құннан айырмашылығы, типтік сатушы мен сатып алушының тәртібін дәлелдермен анықтайды, ал инвестициялық құн нақты инвестормен белгіленетін инвестицияға жеке шарттардан тәуелді.

Инвестициялық құн нарықтық құннан ерекшеленетін бірнеше есептер бар. Негізгі есеп айырмашылық болуы мүмкін: болашақ табыстылықты бағалауда; тәуекел дейінгі туралы түсініктерге байланысты; салық жағдайында, иегерге немесе оны бағалаушы тиісті басқа объектілермен үйлестіру кезінде.

Сақтандыру құны – сақтандыру шарттары немесе паші жағдайында анықталған меншік құны.

Салық салу құны – меншікке салық салуға қатысты нормативтік құжаттарға сәйкес мазмұндалған анықтау базасымен есептелген құн.

Утилизация (скраптық) құн – меншік объектісінің құны, ол қосымша жөндеу жұмыстарынсыз олардың құрамындағы материалдардың қатысты құны сияқты қарастырылады. Ұқсастық сипатына қарай құнның өндірістік және алмастыру құны.

Өндірістік құн – бұл меншік объектісінің құны, ол бағаланатын сияқты сол жоспарға және сол материалдардан құралған, бірақ басқа бағамен әрекет етеді

Алмастыру құны -.бұл бағаланатын объектінің жақын ұқсастықтарының құны.

Өндіріс құны мен алмастыру құны сақтандыру сферасында кеңінен қолданылады. Бухгалтерлік есепте баланстық құнды және жеке қалдық құнды ажыратады.

Баланстық құн – құрылысқа арналған шығындар немесе меншік объектісінің тұтынуы. Баланстық құн алғашқы және қалпына келтіретін болып бөлінеді. Алғашқы құн эксплуатация енгізілген кезде бухгалтерлік құжаттарда көрініс алады.

Қалпына келтіру құны – жаңа шарттармен ерте құралған негізгі құралдарды өндіру құны; негізгі қорды қайта бағалау процесінде қайта анықталған.

Өндірістің даму перспективаларына сәйкес әрекет етуші кәсіпорын құны және тарату құны болып бөлінеді.

Әрекет етуші кәсіпорын құны – бұл қандай да бір құрама бөлімшелер емес кәсіпорындарды толықтай қалыптастыру құны. Әрекет етуші кәсіпорынның жеке активтері немесе компоненттерінің құны берілген бизнеске салынған салымдары негізінде анықталған және нақты кәсіпорын және оның иесі үшін тұтыну құны ретінде қарастырылады. Егер кейбір

меншік объектісі әрекет етуші кәсіпорынның толық пайдалылығына салым ретінде бір бөлігін құрамаса, онда берілген объект тұтынушыға қатысты шығыстар активі ретінде қарастыруға болады. Ол кәсіпорын қызметтерімен байланысты және бұл жағдайда құн түсінігі мүмкін альтернативті варианттарды және оның қолданылуын, потенциалды утилизация құнын қоса есепке алу керек.

Әрекет етуші кәсіпорынды бағалау, яғни бизнес қолайлы даму перспективаларын шамалайды. Сондықтан кәсіпорынды жүйе ретінде сақтауды күтуге болады, ал жеке элементтердің құнының жәй сомасына қарағанда кәдімгі толық әрқашан бағалы.

Егер кәсіпорынды жабуды шамаласа және активтерді жеке-жеке орындау көзделсе, оның тарату құнын анықтау маңызды.

Тарату құны немесе лажсыздан сату құны – бұл баламалы маркетингті өткізу үшін аз уақыт ішінде меншікті сатудан нақты алуға болатын ақша сомасы. Оны анықтау кезінде кәсіпорынның таратуымен байланысты барлық шығыстарды есепке алу керек. Оған кәсіпорынды таратуға дейінгі шығындар, құқықтық және бухгалтерлік қызмет көрсету шығыстары жатады. Нарықта кәсіпорын активтерін сатудан алатын ақшалай түсіммен тарату шығындары арасындағы айырмашылық кәсіпорынның тарату құнын білдіреді.

Кәсіпорын құнын бағалау кезінде тиімділік құны түсінігі ерекше орын алады.

Тиімділік құны - активтердің құны. Екі өлшемнің үлкенінен тең берілген иегердің тұтыну активтерің құны және оны орындау құны. Бағалаушымен есептелетін кез-келген құн түрі тарихи дәлел болып табылмайды, ол таңдалған мақсатқа сәйкес берілген меншік объектісінің нақты бағалануы болып табылады.

Құнның экономикалық түсінігі нақты пайда беретін объектінің меншік иесі немесе бағалау кезеңіндегі сатып алушы көзқарасы ретінде білдіреді. Кез-келген меншік объектісінің, сонымен бірге бизнестің құнының негізі оның пайдалығында болып табылады.

Бағалаудың теориясы мен тәжірибесінде «құн» ұғымынан басқа «баға» және «шығын» түсініктерінде қолданады.

Баға – қызмет көрсету мен тауарға қажет ететін, болжамдалатын немесе төленетін ақша сомасын көрсететін көрсеткіш. Ол тарихи дәлел болып табылады, яғни нақты уақыт пен орынға қатысты. Қаржылық мүмкіншіліктерден тәуелділік себептерге немесе сату және сатып алушының дәл ерекше қызығушылықтарынан баға құнынан ауытқуы мүмкін.

Өзіндік құн – тауар өндіруге немесе қызмет көрсетуге немесе құруға қажет ақша сомасы. Өзіндік құнның құрамына шығыстардың, шығындардың және жұмсалымдардың қатынасы кіреді. Құру процесі аяқталғанда немесе сату сатып алу актінен кейін өзіндік құн тарихи дәлелге айналады. Тауарлар мен қызмет көрсеткені үшін сатып алушының төлейтін бағасы, оны сатып алу шығындары болып табылады.

Өзіндік құн нарықтық құнға әсер етеді, бірақ онымен бірдей мағынаны анықтамайды.

Берілген барлық түсініктерді тиімді пайдалану меншік объектісін сапалы бағалауға мүмкіндік береді. Келісім шарт негізіне қатысты, басқа да негіз болып табылатын түсініктермен қатар меншікті бағалау үшін біртекті принциптер және ортақ қабылданған әдістері де бар.

Бағаланатын құн өлшеміне әсер ететін факторлар.

Бағалаушы құнды анықтаған кезде түрлі макро және микроэкономикалық факторларды есепке алады. Оған мыналар жатады:

Сұраным. Сұраным тұтынушылардың қажеттілігіне байланысты анықталады. Ол меншік иесінің берілген бизнес қаншалықты кіріс әкелетіндігін, қандай уақытпен және қандай тәуекелмен жасалатындығын, бақылау мүмкіндігі және берілген бизнестің қайта сатылуы.

Кіріс (пайда). Объектінің меншік иесі қанша кіріс алатындығын операциялық қызметтің негізінен тәуелді және объектіні пайдаланғаннан кейін сатудан алатын пайда мүмкіндігі. Кіріс операциялық қызметте кірістер мен шығыстар ағымының ара қатысымен анықталады.

Уақыт. Кәсіпорынның құнын тұжырымдауда кіріс алу уақыты үлкен роль атқарады. Меншік иесі активтерді сатып алып, оны пайдаланудан тез кіріс алуы бір жұмыс, ал инвестициялау және капиталды қайтару белгілі бір уақытпен алшақтатылса, тіпті, басқа жұмыс.

Тәуекел. Құнды өлшемге болашақ күтілген кірістерді алу мүмкіндігін тәуекелде көрсетеді.

Бақылау. Құнға әсер ететін маңызды факторлардың бірі жаңа меншік иесі алатын бақылау деңгейі.

Егер кәсіпорын жеке меншік иесіне сатылса, немесе акциялардың бақылау пакетін иеленсе, онда жаңа меншік иесі мынадай нақты құқыққа ие болады: басқарушыны тағайындау құқығы, олардың еңбекақы мөлшерін анықтау, кәсіпорынның стратегиясымен тактикасына әсер ету, оның активтерін сату және сатып алу; берілген кәсіпорынды қайта құру, тіпті тарату; басқа кәсіпорындардың жұтылуы туралы шешім қабылдау; дивиденттердің көлемін анықтау және т.б. Үлкен құқықтарды сатып алудан құн мен бағада жоғары болады, ол акцияның бақылау емес пакетін сатып алған жағдайда.

Таратылу. Кәсіпорынның және оның мүлігінің құнын бағалағанда әсер ететін маңызды факторлардың бірі – осы меншіктің тарау деңгейі болып табылады. Нарық кейбір активтерге сыйақы төлеуге дайын болады. Оған тез ақшаға айналатын минималды тәуекелмен құндардың бөлігін жоғалту. Бұдан жабық акционерлік қоғамының (ЖАҚ) құны аналогты ашық қоғамдарының құнына қарағанда төмен болуы керек.

Шектеулілік. Кәсіпорынның құны бизнеске байланысты барлық шектеулерге әсершіл келеді. Мысалы, егер мемлекеттік кәсіпорынның өнімінің бағасын шектесе, онда шектеулер жоқ жағдайдағыға қарағанда мұндай бизнестің құны төмен болады.

Бизнесті бағалау принципі.

Бағалау принципінің өзара байланысқан үш тобын көрсетуге болады.

1. Меншік иесінің түсініктеріне негізделген.

2. Меншік иесінің пайдасымен байланысқын.

3. Нарықтық орта қызметімен шартталған.

Бағалау принципінің жоғары көлемі, оның барлығын бірден қолдану керек леген мағынаны білдірмейді. Әр жағдайда негізгі және көмекші принцип айқындалған. Егер де принцип туралы сөз болғанда, онда тек нарықтық экономика субъектісіне негізделген тәртіп заңдылығы көрсетіледі. Шынай өмірде бүкіл дерек олардың қызметін бұрмалауы мүмкін. Мысалы: кейде мемлекетке қол сұғушылар бағалау принципіне дұрыс өткізім бермейді. Жетілдірілмеген нарықтық қатынас, нарықтық экономикаға көшу этапының мінездемесі, одан әрі бағалау принцип нысанасының өзгеруіне әкеледі. Сондықтан да осы себептерге байланысты бағалау принципі тек қана субъектінің экономикалық тәртіптерінің тенденциясын бейнелейді. Ол негізделген тәртіпке кепілдік бермейді. Біздің елімізде нарықтық ақынастың дамуына байланысты бизнесті бағалау принципінің объективті іс әрекеті күшейе түсетін болады.

1 -ші принцип тобын қарастырайық. Әр бір меншікті объектінің негізгі критерий құны оның пайдалылығы болып табылады. Бизнес құндылыққа ие болады, егер де ол реалды және потенциалды меншікке пайдалы болса. Пайдалылық әр бір тұтынушы үшін жеке бірақ сапасы мен саны оның уақыты мен құнына байланысты. Алайда, нарық меншік иесіне объектінің пайдалылығын оның табыс әкелу қабілетінен көруге болады.

Пайдалылық принципі - бұл көптеген кәсіпорын меншік құны иесінің қажеттілігін қанағаттандыру қабілеті жоғары болған сайын, оның құны өсе беретіндігін көрсетеді.

Әр бір пайдаланушының ойынша кәсіпорынның бағасының құны сондай пайдалылығы бар аналогтық кәсіпорынның минималды бағасынан аспауы тиіс. Сонымен қатар объект үшін көп төлеген жөнсіз, себебі ынғайлы мерзімде аналогтық пайдалылығы бар жаңа объект құру бағасы одан көп емес және де бағалық принципін қолданудың тағы бір аспектісі: Егер инвестор табыс ағымын талдаса, онда максималды баға тәуекел мен сапаның аналогтық деңгейіндегі басқа да табыс ағымдарын зерттеу мен анықталады. Бұл жағдайда алмастырушы ретінде қолданылуы тиіс. Бірдей қалаушы алмастырушы кеңістігінің шекаралары пайдаланушының қажеттілігі мен қалауы бойынша анықталады. Айталық кейбір субъект конфет шығаратын кондитерлік кәсіпорынды өз меншігінен алғысы келеді. Бұл жағдайда ол оның құнын басқа да аналогтық кәсіпорынның құнымен салыстырады. Мысалы, нан, печенье, пряник шығаратын фабрикалар құнымен. Сонымен қатар, сатып алушы бизнестің бір ғана түрімен шектелмейді.

Осылайша кәсіпорын құнын бағалаудың тағы бір методологиялық принципін ажыратуға болады. Бұл алмастырушы принципі деп аталады. Ол келесі жолдармен анықталады: кәсіпорынның максималды құны төмен бағамен анықталады, яғни эквивалентті пайдалылығы бар басқа объект алуға болады.

Пайдалылық принципінен тағы бір бағалық принципі шығады. Бұл алдын ала көру немесе күту принципі деп аталады.

Әрине, өткен және қазіргі кездегі бизнес қажет, бірақ оның болашақтағы бизнесі анықталады.

Өткен және қазіргі кезеңдегі бизнес – бұл тек болашақ бизнесті түсіну үшін арналған шағын негізгі әрбір бизнестің кәсіпорынның пайдалылығы болжамдалған, болашақ таныстың бүгінгі кезде қаншалықты бағаланатынын анықтайды. Кәсіпорын бағасына негізінен таза қайтарым әсер етеді, ал ол кәсіпорынның қызметінен және оны қайта сатудан түсетін кірісті көрсетеді. Бұл жағдайда көлемділігі, сапалылығы, болашақта күтіліп отырған табыстың жалғасы өте қажет, Бірақ та, салыстырмалы табыс күтілімі өзгеруі мүмкін. Көру принципінің анықтылығы ағымдағы табыс құнымен немесе басқа пайда мен қорытындыланады, яғни берілген кәсіпорынның иелік еткені үшін болашақта алынуы мүмкін.

Баға принципінің 2-ші тобы меншік иесінің қолданылған шартымен және өндірісшінің ұсынысымен байланысты. Әрбір түсімнің экономикалық қызметі 4 өндіріс факторын анықтайды: жер, жұмыс күші, капитал, басқару.

Бизнес пайдасы осы барлық 4 фактордың әсерінің қорытындысы. Сондықтан система тәрізді өнеркәсіп құны, түсімнің бағасы негізінде анықталады. Өнеркәсіпті бағалау үшін өндірістің табысын қалыптастыруда әрбір фактордың салымын білуі қажет; Осы жерден салым принципі келесілерге әсер етеді. Кәсіпорын жүйесін кез-келген толықтырушы активтердің қосылуы экономика жағынан пайдалы. Егер де кәсіпорын алынған құнының өсуі, осы активтерді алудағы шығындардан көп болса.

Берілген өндіріс түрі бойынша әрбір фактор табыстан төленуі қажет. Жер қозғалмайтын құбылыс болғандықтан, жұмыс күші, капитал, басқару жерге әсерін тигізу қажет. Біріншіден, бұл факторға өтем өндірілуі қажет. Ал қалған ақша соммасы жер учаскісін пайдаланғаны үшін меншік иесіне төленеді. Қалдық өнімі жерді пайдалануға максималды табыс алу мақсатында немесе шығынды азайтудағы қорытындысы болуы мүмкін. Мысалы, өнеркәсіп жоғары бағаланады, егер де жер учаскесі одан әрі жоғары табысты қамтамасыз ете алса немесе шығынды азайта алса. Жер учаскесінің қалдық құны менеджмент, жұмыс күші, қолдану капиталының шығынын төлегеннен кейін таза пайда болып анықталады. Бұл қалдық өнімнің принципі деп аталады. айналым өндіріс факторы олардың есеп кезеңі өндірісімен бағаланады, капиталдың орнында осы жерде ескірген технологиялық құралды толықтай өзгертуді сұрайды, бөлшектеу және жаңа жабықты құрастыру қажет төлемі, өнеркәсіп құндылықтарын бағалауды құрастыруы қажет және керісінше. Жоғары бағаланатын жұмыс күні құрамы өзгертілген немесе керісінше өндірістік қызмет түрімен бағалануы қажет.

Ескірген құрал жабдық жұмыс жасауда жоғары ынтасы бар жоғары бағаланатын жұмысшыларды қайта үйрету қиындау соғады. Жай ғана өндіріс қаражаты және өндіріс күші ғана емес барлық фактор сатып алушыларға есептелуі қажет. Осы немесе басқа он фактордың өзгеруі объектінің құнын жоғарылату немесе төмендетуі мүмкін. Осы құнды экономикалық теориядан

тағы бір бағалау принципі пайда болды. Оның мазмұны келесіге әкеледі: көлемі бойынша негізгі өндіріс факторына ресурстың қосылуы шығынның өсу қарқынынан таза қайтарым реакциясы тез өседі, бірақ өзінің анықтаған мақсатына жеткеннен кейін барлық берілуі өскеннен кейін, бірақ енді төмендетілген темппен.

Бұл азаю-өсім құны қосылған шығын ресурстарына қарағанда төмендемейінше жүреді. Бұл принцип шекті пайда теориясына базаланады және де өндірушінің шекті принципі деп аталады. Кәсіпорын бұл жүйенің өмір сүруі мен даму заңдылықтарының теңгерімділіктеріне байланысты өндіріс факторларының шартталған үйлесімділігінен байланысты дамиды. Кәсіпорын жүйесінің әртүрлі элементтері өткізу қабілетімен басқа да мінездемелері арқылы өзара келісімде болуы керек. Қандай да бір элементті жүйеге қосылу. Пропорционалды ережені бұзуға алып келу, өнеркәсіп құндылығының өсуіне алып келеді. Ал енді, өнеркәсіп құндылығын бағалауды теңгерімділік принципі ескеру қажет. Өнеркәсіпке максималды пайда алуға болады, егер де өндіріс факторларының көлемін қадағаласа. Берілген принцип қызметінің маңызды сәттерінің бірі нарқы қажеттілігінен кәсіпорын көлемінің сәйкес келуі.

Егер нарық сұранымын қанағаттандыру үшін өнеркәсіп тіптен үлкен болса, онда оның тиімділігі төмендейді. Әсіресе, егер тауарды немесе ресурсты жеткізу қиын болса.

3-ші принцип тобы. Тікелей нарықтық ортаның іс-әрекетіне шартталған. Нарықтық экономикаға нарықтық баға белгілерімен әсер ететін жүргізуші фактор сұраныммен ұсыным болып табылады. Егер де сұраным мен ұсыным тепе – тең болса, онда баға тұрақты болады. Егер нарық кәсіпорынның елеусіз санын ұсынатын болса, яғни сұраным ұсынымды көтереді, онда баға олардың құнын көтеруі мүмкін.

Егер нарықта банкрот кәсіпорындар артық болса, онда олардың мүліктерінің бағасы шынайы нарықтық құннан төмен болады. Ұзақ мерзімді аспектіде бағалар өзгерісінің бағытын анықтауда ұсыным мен сұраным салыстырмалы тиімді факторлар болып табылады. Бірақ сұраным мен ұсынымның факторы қысқа мерзімді уақыт аралығында кәсіпорынның мүлктік нарығында тиімді жұмыс жасау мүмкіндігінде ие ала алмайды. Нарықтық бұрмалаудың меншік иелерінің монополиялық жағдаының нәтижесі болуы мүмкін. Мысалы: билік органы кәсіпорынның сатылуын бақылау жұмсауы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандай пайдалылық уақытында және кеңестікте анықталған.

Нарық бұл нақты біріншіден бағасы арқылы есептейді. Егерде кәсіпорын нарықтық стандартқа сәйкес келсе, сол уақыттағы нарық үшін мінездемесіне сәйкес келетін болса, онда баға орта нарықтық деңгейде ауытқып отыратын болады. Егер объекті талапқа сәйкес келмесе, онда бұл ережеге сәйкес берілген кәсіпорын одан талап бағамен бейленеді. Мұндай заңның қызметімен басқа принцип сәйкестілік принципіне байланысты. Оған байланысты табыс деңгейі бойынша өндірісті жарықтандыру бойынша нарық талаптарына сәйкес келмейтін кәсіпорын орташадан төмен бағаланады.

Сәйкестілік принципіне регрессивті және прогрессивті принцип байланысты. Егер кәсіпорын артық пайдаланған, белгіленген анрықтық жақсару жағдайына мінезделген орын табады.

Мұндай кәсіпорынның бағасы әрине оның нақты құнына әсер етпейді және оны қалыптастыруда нарық шығыннан кем болады. Көршілес объектімен жұмыс істеу барысында үдемелі принцип орнына ие болады. Мысалы: инфрақұрылымды жақсартуды қамтамасыз ететін объект, берілген кәсіпорынның нарықтық бағасы оның құнынан жоғары болады.

Бағаны белгіліліміне бәсекелестік әсеретеді. Кәсіпорын әрекет ететін сала артық пайда әкелсе, онда еркін нарықтық экономиканың осы саласына басқа кәсіпкер енуге талпынады. Бұл болашаққа ұсынымды жоғарылатады және пайда нормасын төмендетеді. Қазіргі уақытта көптеген кәсіпорында өзінің моральдік жағдайы нәтижесі жоғары пайда алады және бәсекелестің шиеленсу шарасы бойынша олардың табысы ескеререліктей қысқарады. Осы жерден кәсіпорынның құнын бағалауда берілген саланың қазіргі әрі болашақтағы бәсекелестік күрестің деңгейі қандай екенін ескеру қажет. Бәсекелестік принциптің мазмұны келесілерге әкеледі, егер бәсекелестіктің күрес шиелінісінде болашақ пайданы болжағанда берілген фактор табыс ағымының азаюы нәтижесінде немесе тәуекел факторының өсу жолында көрінуі мүмкін, ол бұл болашақ табыстың ағымдық құнын азайтады.

Бизнестің құны тек ішік фактормен ғана емес көптеген сыртқы факторлармен анықталады. Саяси және экономикалық тұрақтылық деңгейі бар елде, оның белгілі бір көлемдегі мүмкін оның сыртқы орта жағдайынан тәуелді. Кәсіпорынды бағалауда сыртқы ортаға тәуелділік принципін есепке алу қажет. Саяси экономикалық және социалистік күштердің өзгеруі нарық жағдайына және баға деңгейіне әсер етеді. Кәсіпорын құны өзгереді, сәйкесінше, кәсіпорынның құнын бағалау белгіленген күнге байланысты өткізіледі. Осыдан өзгермелі құн принципі қорытындыланады. Сондықтан, берілген кәсіпорынның пайдалану тәсіл мүмкіндіктерін қарастыру үшін нарықтық орта шартынан шығу қажет. Нарықтағы сұраным, бизнесті дамыту мүмкіндігі, кәсіпорынның орналасқан жері және басқа фактор берілген кәсіпорынға альтернативтік пайдалану тәсілін анықтайды.

Альтернативтік дамуды қарастырғанда мүмкін иесіне құқылы мүлікті экономикалық бөлуде сұрақ туындауы мүмкін, егерде объектіге құқықты екі немесе одан да көп мүлікке қызығушыларға бөлуге болатын болса немесе объектінің жалпыларға бөлуге болатын болса немесе объектінің жалпы құны өссе. Экономикалық бөлімше принципі, мүлікке құқықты мынадай тәсілмен бөлу ән қосу қажет деп жариялайды, яғни объектінің жалпы құнын өсіру үшін. Мұндай анализдің қорытындысы ең жақсы және ең жақсы және ең әсерлі меншікті қолданудың анықтамасы болып табылады, басқаша айтқанда кәсіпорын мүлігіне қолдану бағытын анықтауды құқықтың техникалық жағынан жүзеге асырылғанда меншік иесіне бағаланатын максималды мүліктің құнын жобалай алады. Осыдан ең жақсы және ең әсерлі қолдану принципі қорытындыланады. Берілген принцип қолданылады, егер де баға

шектеу мақсатына жүргізілсе. Егер оның мақсаты мүмкін болатын өлшемінсіз қызмет етілуі кәсіпорынның құнын анықтай алса, онда бұл принцип қолданылмайды.

Бақылау сұрақтары:

- 1.Бағалау кезінде анықталған құн түрлері.
- 2.Қолданушы көзімен негізделген бағалау принциптері: орын басу,күту пайдалылығы,сәйкестігі.
- 3.Ең жақсы және ең тиімді қолдану принципі

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңы,30 қараша 2000 жыл №109-11.
2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2000 года №442-ІІ.
3. Абрамов С.М. Инвестирование.-М.:Центр экономики маркетинга,2000.
4. Андыбаева Г.Т. Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп және есептілік Алматы: Өрекет-Print, 2009
5. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау. Алматы: Заң әдебиеті.2008
6. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау Электрондық кітап. Алматы: Нур-пресс.2010
7. Вещунова Н.Л. Бухгалтерский учет на предприятиях различных форм собственности М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф,2001

3 тақырып. Бизнесі (кәсіпорын) бағалауды анықтау үшін ақпараттық базаны құру

Сабақ мақсаты: ақпаратты ұйымдастыру жолдарын, бағалаушының ішкі қаржылық құжаттаумен жұмысының бағыттары туралы түсінік беру.

Кілт сөздер: диверсификация, тәуекел, инфляциялық тәуекел, валюта бағамының

өзгерісіне байланысты тәуекел, нормативті-нарықтық база,өткізу нарықтары, бәсекелестік шарттары.

Дәріс жоспары:

- 1.Бизнесінің құнын бағалаудағы есептерді шешу үшін бухгалтерлік есептердің түрлері және мақсаты.
- 2.Бағалау процесінде қаржылық документтерді дайындау
- 3.Үлестік қатысу әдісі

1.Меншік құнды бағалаудағы ақпарат жүйесі

Бағалау кезінде қолданылатын ақпарат келесі талаптарға жауап беруі қажет:

- Нақтылық
- Дәлдік
- Кешендік

Қолданылатын ақпарат кәсіпорынның жағдайын нақты көрсетуі керек,

бағалаудың мақсатына дәл сәйкес болуы керек және бағаланатын кәсіпорынның ішкі талаптары кешенді ескеруі қажет.

Ақпаратты ұйымдастырудың көптеген жолдары бар: хронологиялық журналдық және логикалық.

Кәсіпорынның хронологиялық жолы болашаққа тізбектеліп өтуді қарастырады. Мысалы өндірістік процестің көрісін бағалау есебі кәсіпорынның пайда болу тарихынан басталады.

Кәсіпорынның журналдық жолы материалды ең керектіден гөрі аз керектісіне ауыстыруын қарастырады.

Логикалық тәртіп ақпараттың жалпыдан жекеге немесе жекеден жалпыға таратылуы. Мысалы, кәсіпорынның бағалауын талдамай тұрып оның макроэкономикалық жағдайында шолу жасалу керек.

Ақпараттық жүйелер

Бизнесті бағалау инвестициялық тауарлар ретіндегі кәсіпорынның бағалауына талдау негізінде құрылады, яғни ол кеткен шығындар мен ағымдағы жағдай және болашақ потенциал есепке алынуы керек. Бұл үшін үлкен көлемді ақпаратқа жасалуы керек, яғни ол келесідей классификациялануы тиіс:

- Ішкі ақпарат-кәсіпорынның аймақтық сала жалпы экономикадағы қызмет талатарын сипаттайды.
- Сыртқы ақпарат-бағаланатын кәсіпорынның қызметі туралы көрсетеді.

Барлық ақпараттық блоктардың талдануы негізінде келесі инвестициялық талдам кезектілігі жатады:

Макроэкономика



Сала



Фирма

Бизнестің қалыпты қызмет етуі сатылу көлемінің тиімділігіне сәйкестілігі кәсіпорынның сыртқы қызметімен анықталатын болжанған өсуге қажет алынған табыс пен қаржылық ресурстарға тәуелді. Оларға макроэкономикалық және **салалық факторлар** жатады: **инфляция деңгейі, мемлекеттің экономикалық өсу қарқыны бәсекелестік шарттары және т.б.**

Сыртқы ақпараттың ақпараттық блогы кәсіпорынның салалық және жалпы экономикалық қызмет етуін айқындайды.

Сыртқы ақпаратты көлемі мен мінезін бағалаудың талаптарына байланысты айырады. Есеп беруді жасау алдында, ең алдымен бағалаушы мен жинақталған және зерттелген ақпараттық қор кәсіпорынның қорытынды бағалануы үшін керек. Ақпаратты көп көлемде және бағаланатын түрде беруі керек. Макроэкономикалық көрсеткіштер кәсіпорынның қызметіне макроэкономикалық жағдайдың қалай әсер ететінін көрсететін ақпараттан

тұрады және елдегі инвестициялық жағдайды көрсетеді. Макроэкономикалық тәуекел факторлары сыртқы жағдайдан пайда болатын нарықтық экономикаға әсерін тигізетін жүйелік тәуекелді туғызады және ол ұлттық экономика шеңберінде диверсификация мен шығарылмайды.

Диверсификация- портфельді инвестиция көмегімен тәуекелді қысқарту (бағалы қағаздарды көп көлемде сатып алу).

Тәуекел- болашақта нәтиже әкелетін анықталғандық деңгейі.

Тәуекел кейде ұтылыс ретінде қаралады дегенмен анықмасы бойынша әрбір болжалған көлемде табыс ретінде тәуекелдің кескінделуі болып табылады.

Тәуекел факторын талдау субъективті болып келеді: бағалаушылар, кәсіпорынның болашақта көтерілуіне сенімді, кәсіпорын құнын бағалаушылардан гөрі олар жоғары бағалайды. Басқаша айтқанда, болашақта күтілетін табыс жақсы баға шеңберінде үлкен болса, инвестициял тәуекеліш болады.

Тәуекел бағасының арасындағы айырмашылық көбінесе кәсіпорын бағасын қорытындылауға алып келеді.

Қызметі үлкен тәуекелмен байланысты кәсіпорынның ағымдағы құны, төмен тәуекел жағдайында қызмет ететін кәсіпорынның ағымдық құнына карағанда төмен болады.

Инвестициялардың түсінігінше тәуекел факторы 3.2. графикалық суретте кесінделеді. Инвестордың тәуекел көлемі жоғары болған сайын , оның табыс ставкасындағы күтулер де жоғары болады. Жабық кәсіпорындардың тапсырыс беруші бағасына байланысты талдаулары ашық кәсіпорындар сияқты, яғни олар өздерінің акцияларын диверсификациялайды. Сондықтан бағалаушы жабық типті кәсіпорынды бағалау кезінде жүйелік тәуекелдік талдаумен қатар, жүйелік емес тәуекел факторын да ескеруі керек.

Оларға кәсіпорындағы салалық және инвестициялау тәуекелдер жатады.

Макроэкономикалық тәуекелдің негізгі факторлары:

- ✓ Инфляция деңгейі
- ✓ Мемлекеттік экономикалық өсу қарқыны
- ✓ Пайыздық мөлшерлемедегі өзгерістер
- ✓ Валюталық бағамдағы өзгерістер
- ✓ Саясаттың тұрақты деңгейі.

Инфляциялық тәуекел- бұл бағалардың өсуі болжанбаған өзгерістер қарқыны тәуекел . Инвестор бағаның инфляциялық өзгерістерін жабатын табыс табуға тырысады.. Жоғары немесе болжанбаған инфляция күтілген өндірістік қызметтің нәтижелерін **0-ге** әкелуі мүмкін, яғни экономикадағы табыстарды қайта бөлуді қамтамасыз етеді және кәсіпкерлік тәуекелді жоғарлатады. Нәтижесінде кәсіпорын мүмкіннің құнының түсуі көрініс алады.

Бағалау процесінде ретроспективті ағымдағы және болашақтағы мәліметтер салыстырылады. Кәсіпорынның мүлкінің құны, яғни әр түрлі

жылдары алынған егер ақша бірлігі өзгермеген жағдайда салыстыруға болады.

Бірақ, ақша бірлігінің өзгеруі әр жыл бойы өзгеріп отырады. Баға деңгейі индекс түрінде өлшенеді.

$$\text{Ағымдағы жылдың баға индексі} = \frac{\text{Ағымдағы жыл бағасы}}{\text{Базалық жыл бағасы}} \cdot 100\%$$

Баға индексі, яғни тұтынылатын тауарлардың есептелінген негізгі тобында, ағымдағы жылдың көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Бағаның инфляциялық өсуі есептің номиналды және реалды көлеміндегі қажеттіліктерді көрсетеді. Номиналды көлем инфляцияны есепке ала отырып түзетілмеген. Түзетудің ең қарапайым әдісі- номиналды көлемді бағалар индексі бөлу.

$$\text{Реалды көлем} = \frac{\text{Номиналды көлем}}{\text{бағалар индексі}}$$

Бағалау процесінде абсолюттік клемнен басқа қатыстылар да есептелінеді мысалы, дисконттік ставка ($v\%$) Ол номиналды және реалды сияқты анықталады. Егер мемлекетте бағаның инфляциялық өсу қарқыны 15% -дан жоғары болса онда Фишер формуласын пайдаланып қайта есептеу керек:

$$R_r = R_n - i / (1 + i)$$

Мұндағы: **R** – табыстың реалды ставкасы (дисконттік)

R_n- табыстың номиналды ставкасы

i- инфляциялық индексі

Нарықтық экономиканың цикілділігін есептеген кезде экономиканың ортақ жағдайын және күтілетін экономикалық өсу қарқыны мен болашақтағы перспективаларды анықтап алу қажет. Мысалы: (бағалау туралы есеп үзіндісі) Болжамдалдың көптеген авторларының 19 жлғы экономиканың жоспарлы өсуінің жалғасуын күтуіне қарамастан, тұтынушылар шығының азаюы бизнеске және тұрған үй құрылысына инвестиция, сол сияқты мемлекеттік шығындар болжамдалған өсудің әсерін төмендетеді. Сонымен қатар даму перспективаларының жоспарлы жақсаруын салықтық реформа арқылы ұстануы мүмкін.

%- дық ставка өзгерісіне байланысты тәуекел.

Сату рентабельділігі өткізуден түскен таза табыстың пайдаға деген қатынасы.

Бағалау мақсатынан және салыстырмалы компанияның мәліметтеріне тәуелді сату рентабельділігін өзгеріп тұратын сандармен есептеуге болады.

Өнімнің рентабельділігі әрбір айналыстағы рубльдегі салық және пайыз төлегенге дейінгі пайданың таза салмағын көрсетеді.

Инвестициялық көрсеткіштер.

Бағалау процесіндегі берілген этаптардың анализінің мақсаты акцияның номиналдық бағасына қарағанда нарықтың бағасы туралы ақпаратты беру (төленетін дивиденттің көлемі және т.б.). Егер бағаланатын компания жабық типті болса, онда ақпарат салыстырмалы компаниялар арқылы қолданылады.

Бақылау сұрақтары:

1.Бағалау процесіндегі қатысты көрсеткіштерді есептеп шығару

2.Активтердің айнымалылық көрсеткіштері

3.Қаржылық рычагтың концепцияларына түсінік

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңы,30 қараша 2000 жыл №109-11.
2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2000 года №442-ІІ.
3. Абрамов С.М. Инвестирование.-М.:Центр экономики маркетинга,2000.
4. Андыбаева Г.Т. Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп және есептілік Алматы: Өрекет-Print, 2009
5. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау. Алматы: Заң әдебиеті.2008
6. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау Электрондық кітап. Алматы: Нур-пресс.2010
7. Вещунова Н.Л. Бухгалтерский учет на предприятиях различных форм собственности М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф,2001

9 тақырып. Бағалау процедурасының нысандауы

Сабақ мақсаты: есептеу тәртібінің мәні және инвестициялық жобалардың экономикалық төзімділігі көрсеткендігін бағалау практикасында қолдану ерекшеліктерін үнемі зерттеу.

Кілт сөздер: инвестиция, инвестициялық жоба, инвестициялық тартымдылық, күрделі салымдар

Дәріс жоспары:

- 1.Бағалау үшін шарт жасау :шарт заты, құқығы және т.б. ерекше жағдайлар.
- 2.Тапсырыс мазмұны.
- 3.Тапсырыс берушіге есепке қоса берілетін бағалау туралы есеп түрі және еселеспе хаты.

Есептеу тәртібінің мәні және инвестициялық жобалардың экономикалық төзімділігі көрсеткендігін бағалау практикасында қолдану ерекшеліктерін үнемі зерттеп отыру қажет. Бұл бір жағынан, инвестициялық жобаның бағалаудың дербес объектісі ретінде көрінетіндігімен, немесе шығындық тұрғыда машина және құрал-жабдықтармен, интеллектуалдық меншікпен қатар меншік элементтерінің бірі ретінде болуымен байланысты.

Екінші жағынан, егер бағалау мақсаты еншікті сату-сатып алу болып табылса, онда әлеуметтік меншік иесі үш бағыт жиынтығы бойынша анықталған, құнның қорытынды көлеміне сәйкес келетін, қаржыны инвестициялауды жобалайды: кірісті, шығысты және салыстырмалы. Демек, кірісті бағытта жүзеге асырылған дисконттау процесі түзетуді қажет етеді.

Инвестициялық жоба факторлардың көп саны бойынша бағалануы мүмкін: инвестиция нарығындағы жағдай, қаржы нарығы ахуалы, инвестордың кәсіби және мүдделері мен дағдылары, жобаның қаржылық жағдайын геосаяси фактор және тағы да басқалары. Алайда іс жүзінде қарапайым ғана жауап беретін инвестициялық тартымдылық жобасын анықтаудың әмбебап әдісі бар: бұл жобаға қаржы салу тиімді ме, тиімді емес пе? Бірнеше варианттан таңдауда қай жобаға басымдық беру керек?

Инвестиция жасау капитал иесі көзқарасының болашақта табыс алу үшін уақытша тиімділікпен бас тартады.

Инвестициялық тартымдылық бағалау проблемасы жобаға белгіленген салымдарды және оны пайдаланудан табыс ағымын талдауды білдіреді. Талдаушы бағалауы тиіс: бағдарланған нәтижелер қаншалықты пайдалылық деңгей мен өтеу мерзімі бойынша инвестордың талаптарына жауап береді.

Инвестициялық жоба бойынша шешім қабылдау үшін толық орнын толтыру сипаты туралы, сондай-ақ түпкі нәтиженің жетістіктердің белгісіздігінің тәуекел дәрежесіндегі қосымша алынатын кіріске сәйкестілігі туралы ақпараттарға ие болуы тиіс.

Уақыт бойынша ақша құны өзгерістер теориясына негізделген бағалаудың жай және күрделі әдістері бар.

Жай әдістер дәстүрлі түрде отандық практикада қолданылып келді. Күрделі салымдардың экономикалық тиімділігі есебі бойынша әдістемелік ұсыныстарда шаруашылық жүргізудің сол уақыттағы шарттарына әрекетінен ауап беретін көрсеткіштер жүйесі қарастырылған.

Маңызды көрсеткіштер болып мыналар есептеледі:

1. Күрделі салымдардың жалпы экономикалық тиімділік коэффициенті

$$\mathcal{E}=\Pi/K$$

Мұнда: Π - жалдық пайда;

К- күрделі салыстырмалы.

2. Өтеу мерзімі

$$T=K/P$$

3. Келтірілген шығындарды азайтуға негізделген күрделі салымдардың салыстырмалы экономикалық тиімділігінің көрсеткіші

$$П=C_i+E\cdot K_i$$

Мұнда: C_i – сол вариантқа ағымдағы шығындар;

E – күрделі салымдардың тиімділігінің нормативті коэффициенті;

K_i - әрбір вариант бойынша күрделі салымдар.

Инвестициялық процестің айырмашылық қасиеті уақыттағы алшақтық әдістегідей, ақша салу, мүлік және табыс алу арасындағы бір жылдан артық. Демек, бұрынғы қолданыстағы отандық әдістеменің негізгі жетпестігі шығын мен табысты уақытша бағалауды жоққа шығару еді.

Нарықтық қатынастарға көшу, инвестициялық қызметке қатысты, заң актілерін қабылдау инвесторларға таңдау еркіндігін берді:

- Инвестициялау объектілері;
- Экономикалық тиімділікті бағалау өлшемі;
- Қаржыландру көздері;
- Түпкі нәтижелерді пайдалану әдістері.

Жобалардың инвестициялық тартымдылығын бағалау қаржыландыру үшін тартылатын капиталға қызмет ету қажеттігін, баламалы инвестициялау мүмкіндігін инвестициялық процестерді ескеруі тиіс.

Жобаларды күрделендірілген әдістермен бағалау бизнес-жоспарда ұсынылған жоба бойынша кірістер мен шығыстар ағынын салыстыруға келмейтіндігімен негізделеді. Объективті бағалау үшін шығынды жоба бойынша табыстармен, бағаланатын жоба бойынша тәуекел деңгейінен туындап шығындарды жүзеге асыру сәтіне олардың келтірілген ағымдағы құнын салыстыру керек, яғни табыстар продисконтталуы тиіс.

2. Жобаның экономикалық бағалануы басқа баламалы инвестициялармен салыстырғанда оның тартымдылығын сипаттайды. Уақыт факторын есептей отырып, инвестициялау жобаларды бағалауда көрсеткіштердің мынадай жүйесі пайдаланылады:

1. Өтеу мерзімі;
2. Табыстардың таза ағымдағы құны;
3. Жоба табыстылығы ставкасы;
4. Жоба табыстылығы ішкі ставкасы;
5. Табыстылықтың модификацияланған ставкасы;
6. қаржы менеджменті табыстылығы ставкасы.

Жобаның инвестициялық тартымдылығы бағасы әдттегідей барлық көрсеткіштерді пайдалануды білдіреді. Бұл әрбір әдіске басқа көрсеткіштерді есептеу процесінде жойылатын кейбір жетістіктер тән. Әрбір көрсеткіштің экономикалық мазмұны бірдей емес. Талдаушы инвестициялық жобалардың

әр түрлі жағы туралы ақпараттарды алады, сондықтан есептердің жиынтығы ғана дұрыс инвестициялық шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жобаны өтеу кезеңі.

Өтеу кезеңі инвестициялық шығындардың толық қалпына келуіне қажетті күтілетін жыл санымен анықталады.

$T_{ок} = \text{Өтеу кезеңі} / \text{өтелетін жылдар саны} + \text{өтелетін жыл басынан қайтарылмаған құн} / \text{өтеу жылы ішіндегі қолма-қол ақша ағыны}$

Табыстардың таза ағымдағы құны.

Табыстардың таза ағымдағы құны әдісі инвестициялық жобаларды жіктеуге және ағымдағы құнға әкелетін, инвестициялық жоба бойынша табыстармен шығындарды салыстыру негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Табыстардың таза ағымдағы құнының көрсеткішін есептеу үшін мыналар есептеледі:

1. табыстың туындау кезеңінің дисконттау шығын табыс ағынының әрбір сомасы ағымдағы анықтау.
2. жоба бойынша келтірілген табысты анықтау.
3. жоба бойынша шығындар көлемімен жиынтық келтірілген табыстарда салыстыру және табыстардың таза ағымдағы құнын есептеу.

$$\text{ЧТСД} = \text{ПД} - \text{ПР}$$

Мұнда: ПД – жиынтық келтірілген табыстар;

ПР – жоба бойынша келтірілген шығындар.

Жобаның табыстылық ставкасы.

Жоба пайдалылығы ставкасы табыстар ағыны мен шығындар көлемі бойынша ерекшеленетін инвестициялық жобаларды салыстыруға мүмкіндік береді. Оңтайлы жобаны таңдау шығындар бірлігінің тиімділігін бағалауға негізделеді.

Жоба табыстылығы ставкасы екі әдіспен есептеледі:

1. $\text{СДП} = \text{ЧТСД} / \text{ПР} * 100\%$
2. $\text{СДП} = \text{ПД} / \text{ПР}$

Бірінші жағдайда тиімділік коэффициенті процентпен өлшенеді және шығын бірлігіне таза келтірген деңгейді көрсетеді. Екінші жағдайда көрсеткіш жоба бойынша оң және теріс ақша ағыны қатынасын белгілейтін индекс болып табылады.

Жоба табыстылығы ішкі ставкасы.

Жоба табыстылығы ішкі ставкасы (ВСДП) инвестиция (шығын) көлеміне жобадан келтірілген табыс сомасына теңестірілген дисконттау ставкасын білдіреді. ВСДП табыстың таза ағымдағы құнының нөлдік мәнін қамтамасыз етеді. ВСДП көмегімен инвестициялық жобаларды бағалау жобалар залалсыз қалатын дисконттау ставкасының максималды көлемінің анықталуына негізделген.

Қаржылық калькуляторсыз ВСДП нсебі мейлінше қиын, өйткені дисконттау кестесі мен интерполяция әдісін пайдалануға негізделген.

Жобаның пайдалылығының ішкі ставкасы есебінде:

1. Дисконттаудың еркін ставкасы таңдалады және соның негізінде жоба бойынша табыстың жиынтық ағымдағы құны есептеледі.
2. Жоба бойынша шығындар алынған келтірілген табыс сомасымен салыстырылады.
3. Егер бастапқы еркін дисконттау ставкасы табыстың нөлдік таза ағымдағы құнын бермесе, онда мынадай ереже бойынша дисконттаудың екінші ставкасы таңдалады:
 - Егер $ЧТСД > 0$ болса, онда дисконттаудың жаңа ставкасы бастапқыдан үлкен болуы тиіс;
 - Егер $ЧТСД < 0$ болса, онда дисконттаудың жаңа ставкасы бастапқыдан аз болуы тиіс.
4. Дисконттаудың екінші ставкасы жоба бойынша табыстың жиынтық ағымдағы құны үлкен де, кіші де болып шыққанға дейін таңдалады.
5. Табыстылықтың ішкі ставкасы интерполяция әдәсімен үш кезеңде есептеледі:

А) Интервал анықталады:

Максималды жиынтық келтірілген табыстар ПД max	-----	ПД max (ст.д.1) үшін дисконттау ставкасы
ЗП жобасы бойынша шығындар	-----	Ст.д. 1+X
Минималды жиынтық келтірілген кірістер ПД min	-----	ПД min (ст.д. 2) үшін дисконттау ставкасы

Б) Пропорция жасалып, теңестіру шешіледі:

$$\text{ПД max} - \text{ЗП} / \text{ПД max} - \text{ПД min} = \text{ст.д. 1} - (\text{ст.д. 1} + x) / \text{ст.д. 1} - \text{ст.д. 2}$$

В) есептеледі:

$$\text{ВСДП} = \text{ст.д. 1} + x$$

Бұрын келтірілген әдіс бойынша "Марс" жобасы бойынша ВСДП-ны есептейміз, шығындары – 1200, ал жылдар бойынша табыс ағына: 50,200,450,500,600.

1. 5% ставкасы бойынша дисконтталған табыс ағына сомасы құрайды:

$$48 + 181 + 389 + 411 + 470 = 1499$$

2. ЧТСД анықтаймыз:

$$1499 - 1200 = 299, \text{ яғни } ЧТСД > 0.$$

3. Дисконттаудың жаңа ставкасын таңдаймыз. Ол $ЧТСД > 0$ болғандықтан 5% үлкен болуы тиіс.

4. 20% ставка бойынша дисконтталған кірістің жиынтық ағынын есептейміз:

$$42+139+260+241+241=923$$

5. ЧТСД-ны анықтаймыз:

$$923-1200=-277, \text{ яғни ЧТСД} < 0$$

6. ВСДП-ны есептейміз:

А) Интервалды белгілейміз:

1499	5%
1200	5%+x
923	20%

Б) Пропорция құраймыз және теңдеуді шешеміз:

$$14491200/1449-923=5-(5+X)/2-20$$

$$299/576=X/15$$

$$X=7,8\%$$

В) Есептейміз:

$$\text{ВСДП}=5+7,8=12,8\%$$

ВСДП-ның үлкенірек көлемі бар жобаға басымдылық беріледі. Инвестициялық жобаны таңдау мен талдауда ВСДП-ны пайдалану бұл көрсеткішті түсіндіруге негізделген. ВСДП шығындардың бұл берілген омасымен ғана емес, сондай-ақ кіріс ағынымен, ағынның әрбір сомасының туындауы уақыты мен көлемі бойынша да жеке ұсынылған нақты жобаның жеке көрсеткіші болып табылады.

Пайдалылықтың модифицияланған ставкасы.

Инвестициялық жобаның пайдалылығының модификацияланған ставкасы ақша қаражатының бірнеше рет кемуі болған жағдайда туындайтын жоба пайдалылығы ішкі ставкасының айтарлықтай жетпестігін жоюға мүмкіндік береді. Мұндай бірнеше рет ақша ағынының мысалы болып бірнеше жыл ішінде жүзеге асырылатын, құрылысқа немесе кейінге қалдыруға алуды қарайтын, жылжымайтын мүлікке инвестиция болып табылады. Жоба пайдалылығының ішкі ставкасын есептеу әдісі сол ставкаға тең дәрежеде, соңғы жылдары инвестициялық жоба баға салу үшін тағайындалған соманы реинвестирлендіруді білдіреді. Алайда іс жүзінде бұның мүмкіндігі аз.

Егер шығындар жоба бойынша бірнеше жыл бойына жүзеге асырылса, онда инспектор болашақта жобаға салмақ уақытша еркін қаржыларды, басқа екінші дәрежелі жобаға инвестициялауға болады. Мұндай уақытша инвестицияларға негізгі талаптар – қауіпсіздік және өтімділік, өйткені салынған қаржылар негізгі инвестициялық жоба бойынша шығындар кестесіне сәйкес дәл қайтарылуы тиіс.

Қауіпсіз өтімі ставка ауқымы қаржы нарығын талдау негізінде анықталады. Тұрақты нарықтық экономикалы елдерде – бұл бесжылдық шегеру мерзімімен мемлекеттік заем облигациялары бойынша кірістің кәдімгі деңгейі. Ресей практикасында Ресей Жинақ банкісі ұсынған жылдық жедел салым кірістілігі болуы мүмкін. Алайда, әрбір нақты жағдайда талдаушы

қауіпсіз өтімді ставка көлемін жеке анықтайды, бірақ әдеттегідей оның деңгейі салыстырмалы түрде жоғары емес.

Қауіпсіз өтімді ставка бойынша шығындарды дисконттау көлемі инвестициялық жобаның кірістілігі деңгейін неғұрлым объективті бағалауға мүмкіндік беретін олардың жиынтық ағымдағы құнын есептеуге мүмкіндік береді.

Кірістіліктің модифицирленген ставкасын есептеуде:

1. Кірістіліктің қауіпсіз өтімділікті ставкасы анықталады
2. Жоба бойынша шығындар, жылдар бойынша бөлінген инвестициялау қауіпсіз өтімділік ставкасы бойынша дисконтталады
3. Модифицирленген ақша ағыны құралады
4. Кірістіліктің ішкі ставкасы есебіне ұқсас МСД, бірақ модифицирленген ақша ағыны негізінде есептеледі.

Қаржы менеджмент кірістілігі ставкасы

Инвестициялық жобалардың тртымдылығын бағалау әдістерін жақсарту жобаны өткізуден алынған инвестор кірісін пайдалану проблемасын қозғайды. Бұл қаржылар инвестор саясаты мен қаржылай мүмкіндіктерден туындап, әртүрлі жаңа жобаларды қаржыландыратын болады. Мұндай жобалар бойынша тәуекелдің жол берілетін деңгейі негізгі жоба үшін тағайындалған уақытша еркін қаржыларды салудағыдан жоғары болуы мүмкін. Бұдан басқа, инвестицияны диверсификациялау, демек, салым кірістілігінің ставкасының көп түрлілігі болуы мүмкін. Негізгі жобадан кіріс алу сатысында қаржы саясатын анықтайтын қаржы менеджері болашақ инвестициялардың орташа немесе дөңгелек кіріс ставкасын есептейді.

Қаржы менеджмент кірістілігі ставкасы мынадай есепте:

1. Кірістілігінің қауіпсіз өтімді ставкасы анықталады.
2. Қауіпсіз өтімді ставка бойынша продисконтирленген инвестициялық жоба бойынша шығындар саласы есептеледі.
3. Кірістілігінің "айналым" ставкасы анықталады.
4. Кірістіліктің "айналымдық" ставкасы бойынша жинақталған, талданатын инвестициялық жобадан кірістердің жиынтық болашақ құны есептеледі.
5. Модифицирленген ақша ағысы құралады.
6. Модифицирленген ақша ағыны негізінде ВСДП есебі схемасы бойынша қаржы менеджментінің кірістілік ставкасы есептеледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Инвестициялық жоба қалай анықталады және оның белгілері?
2. Инвестициялық жобаларды бағалауда көрсеткіштердің қандай жүйесі қолданылады?
3. Өтеу кезеңі қалай анықталады?
4. Табыстың таза ағымдағы құнының көрсеткішін есептеу үшін нелер есептеледі?
5. Жоба табыстылығы ставкасы неше әдіспен және қалай есептеледі?
6. Жобаның пайдалылығының ішкі ставкасы есебіне кіретіндер.

7. ВСДП көрсеткіштерін салыстыруға негізделген жобалар бағалау әдісіне елеулі кемшіліктерін атаңыз.

8. Кірістердің таза ағымдық құны нені білдіреді?

9. Жобаның кірістілік ставкасы қалай анықталады?

10. Кірістіліктің модифицирленген ставкасы деген не?

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңы, 30 қараша 2000 жыл №109-11.
2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2000 года №442-ІІ.
3. Абрамов С.М. Инвестирование. -М.: Центр экономики маркетинга, 2000.
4. Андыбаева Г.Т. Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп және есептілік Алматы: Әрекет-Print, 2009
5. Аскарова Ж.А. Бизнесті бағалау. Алматы: Заң әдебиеті. 2008
6. Аскарова Ж.А. Бизнесті бағалау Электрондық кітап. Алматы: Нур-пресс. 2010
7. Вещунова Н.Л. Бухгалтерский учет на предприятиях различных форм собственности М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф., 2001

10тақырып. Жер учаскелерінің құнын бағалау

Сабақ мақсаты: Жер пайдалану құқығына меншік құқығы туралы нормалар туралы мәліметтер беру

Кілт сөздер: жер, жерді пайдалану құқығының субъектілері

Дәріс жоспары:

1. Жер нарығы Қ.Р. «Жер туралы» Заңы.
2. Жерлерге қойылатын салық ставкасы. Жердің нормативтік құны.
3. Жердің нарықтық құны. Жерді бағалау үшін техника қалдығы.

Жерді пайдалану құқығы заттық құқық болып табылады. Жер пайдалану құқығына меншік құқығы туралы нормалар қолданылады. Жер пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтеулі немесе өтеусіз алынатын болуы мүмкін. Ешкімді де жер пайдалану құқығынан айыруға болмайды.

Жерді пайдалану құқығының субъектілері

- 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес;
- 2) ұлттық және шетелдік;
- 3) жеке және заңды тұлғалар;
- 4) тұрақты және уақытша;
- 5) бастапқы және кейінгі болып бөлінеді.

Жерді пайдалану құқығын табыстау тұлғаға жер пайдалану құқығын тікелей мемлекеттің беретінін білдіреді. Азаматтарға және заңды тұлғаларға жер пайдалану құқығын табыстау атқарушы органның жер учаскесіне құқық табыстау жөніндегі құзыретіне сәйкес оның шешімі негізінде жүргізіледі. Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға уақытша жер пайдалану құқығын табыстаған кезде уақытша жер пайдалану

құқығын табыстау туралы шешім негізінде жер пайдаланушылармен жер учаскесін жалға беру шарттары немесе уақытша өтеусіз жер пайдалану шарттары жасалады.

Егер жер учаскесі жер қойнауын пайдалануға лицензия немесе келісімшарт жасасуды талап ететін қызметті жүзеге асыруға немесе іс-қимыл жасауға арналса, осы учаскеге жер пайдалану құқығын табыстау жер қойнауын пайдалануға тиісті лицензия алынған немесе келісімшарт жасалған соң жүргізіледі.

Жер қойнауын пайдалануға келісімшарттың болуы жер учаскесін кідіріссіз ресімдеу үшін негіз болып табылады. Жер пайдалану құқығын беру азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жүргізіледі. Жер пайдалану құқығын иеліктен шығару азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде жүргізіледі.

Жерді пайдалану құқығын белгілі бір мерзімге басқа тұлғаға беру жалдау немесе жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану шартының негізінде жүргізіледі. Жер пайдалану құқығын беру мен оны иеліктен шығаруды уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын сатып алған тұлғалар ғана жүргізе алады. Жер пайдаланушының өзіне тиесілі жер учаскесін басқа тұлғаға (кейінгі жер пайдаланушыға) уақытша жер пайдалануға беруі, сондай-ақ уақытша жер пайдалану құқығын иеліктен шығару Қазақстан Республикасында жерге мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде шаруа (фермер) қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) мен олардың кешендерін салуға берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін. Мемлекеттік билік органдарына, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге берілген, қорғаныс қажеттеріне пайдаланылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алып жатқан, сауықтыру және тарихи-мәдени мақсаттағы, орман және су қорларының, елді мекендер жеріндегі ортақ пайдаланудағы, босалқы жер, оның ішінде арнайы жер қорының жер учаскелері, кенттер мен ауылдық елді мекендердің маңындағы жайылымдық және шабындық алқаптар, сондай-ақ жеке меншікке берілмеген шалғайдағы жайылымдар мен басқа да жерлер мемлекеттік меншікте болады.

Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген тәртіппен тиісті нысаналы мақсат үшін азаматтар мен заңды тұлғаларға берілген жер өнеркәсіп, көлік, байланыс жері танылады.

Өнеркәсіп, көлік, байланыс жерін пайдалану ерекшеліктері Қазақстан Республикасының арнайы заңдарымен белгіленеді. Өнеркәсіп жеріне өнеркәсіп объектілерін орналастыру мен пайдалану үшін берілген жер, оның ішінде олардың санитарлық-қорғау және өзге де аймақтар жатады. Аталған

мақсаттарға берілетін жер учаскелерінің мөлшері белгіленген тәртіппен бекітілген нормаларға немесе жобалау-техникалық құжаттамаларға сәйкес айқындалады, ал жер учаскелерін бөліп беру оларды игеру кезектілігі ескеріле отырып жүргізіледі. Автомобиль, теңіз, ішкі су, темір жол, әуе және өзге де көлік түрі объектілерінің қызметін қамтамасыз ету және (немесе) оларды пайдалану үшін берілген жер көлік жері болып танылады. Автомобиль, теңіз, ішкі су, темір жол, әуе және өзге де көлік түрі объектілерін дамыту, салу және қайта жаңғырту үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының көлік туралы заңдарында көзделген тәртіппен жерді резервте ұстау жүзеге асырылуы мүмкін. Темір жол көлігі қажеттеріне арналған жерге:

1) магистраль жолдарына және солармен технологиялық байланыстағы құрылыстар мен ғимараттарға (темір жол белдеуі, көпірлер, тоннельдер, виадуктер, сигналдық жабдықтар, қызметтік-техникалық үйлер);

2) энергетика, локомотив, вагон, жол және жүк шаруашылықтары, сумен жабдықтау және канализация құрылыстары, қорғау және бекіту екпелері, қызметтік және темір жол көлігіне қызмет көрсететін арнаулы мақсаттағы өзге де объектілерге;

3) темір жолдарға берілген белдеулер мен күзет аймақтарына бөліп берілген жер жатады. Темір жол көлігінің қажеттеріне арналған жер учаскелері темір жолдар мен темір жол станцияларын дамытудың жобалау-техникалық құжаттамасына және бас схемасына сәйкес белгіленген тәртіппен бекітілетін нормативтер бойынша беріледі. Тұрғын халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ темір жол көлігі қажеттеріне арналып бөлінген белдеуге іргелес жер учаскелеріндегі объектілерді қауіпсіз пайдалану мақсатында жер пайдаланудың ерекше шарттарымен күзет аймақтары белгіленеді, олардың шегінде аймақтарды белгілеу мақсаттарына сай келмейтін қызмет түрлері шектеледі немесе оларға тыйым салынады. Темір жол көлігінің күзет аймақтарына: орманды қорғау белдеулері, көлік құрылыстарының, құрылғылары мен басқа да объектілерінің сақталуын, төзімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті жер учаскелері, сондай-ақ темір жол көлігіне бөлінетін белдеуге іргелес орналасқан, сел қаупі, көшкін қаупі бар аймақтардағы және басқа да қауіпті әсерлер төнетін жерлердегі жер учаскелері кіреді. Күзет аймақтары жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай белгіленуі мүмкін. Теңіз және ішкі су көлігінің қажеттеріне арналған жерге теңіз және өзен порттарын, айлақтар, пристаньдар, гидротехникалық ғимараттар, жер беті және жер асты үйлерін, құрылыстарын, ғимараттарын, құрылғыларын пайдалану, күтіп-ұстау, салу, қайта жаңғырту, жөндеу, кеңейтіп ұлғайту үшін қажетті басқа объектілерді және теңіз және ішкі су көлігінің басқа да объектілерін орналастыру үшін бөлініп берілген жер жатады. Әуе көлігінің қажеттеріне арналған жерге әуежайлар, әуеайлақтар, аэровокзалдар, ұшып көтерілу-қону белдеулерін және жер беті мен жер асты үйлерін, құрылыстарын, ғимараттарын, құрылғыларын пайдалану, күтіп-ұстау, салу, қайта құру, жөндеу, кеңейтіп ұлғайту үшін қажетті басқа да жер үстіндегі

объектілерді және әуе көлігінің басқа да объектілерін орналастыру үшін бөлініп берілген жер, сондай-ақ олардың күзет аймақтары жатады. Күзет аймақтары жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай белгіленуі мүмкін. Құбыр тасымалы көлігінің қажеттеріне арналған жерге су құбырын, газ құбырын, мұнай құбырын және жер беті мен жер асты үйлерін, құрылыстарын, ғимараттарын, құрылғыларын пайдалану, күтіп-ұстау, салу, қайта жаңғырту, жөндеу, кеңейтіп ұлғайту үшін қажетті объектілерді және құбыр жүргізу көлігінің басқа да объектілерін орналастыру үшін бөлініп берілген жер жатады. Аталған жерге шекарасы белгіленген тәртіппен бекітілген құрылыс нормалары мен ережелерінің, магистральды құбырларды күзету ережелерінің және басқа нормативтік құжаттардың негізінде анықталатын, жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттары бар магистральды құбырларды күзету аймақтары да жатады.

Күзет аймақтары жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай белгіленуі мүмкін. Байланыс, радио хабарларын тарату, теледидар, ақпарат қажеттеріне арналған жерге тиісті инфрақұрылымдардың объектілерін орналастыру, байланыстың кабель, радиореле және әуе желілері, соның ішінде жер астындағы желілер үшін бөлініп берілген жер, сондай-ақ олардың күзет аймақтары жатады. Тұрғын халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және энергетика мен байланыс объектілерін пайдалануға жағдай жасау үшін, белгіленген тәртіппен бекітілген құрылыс нормалары мен ережелері, электр желілері мен байланыс желілерін қорғау ережелері және басқа да нормативтік құжаттардың негізінде электр желілері мен байланыс желілерін күзету аймақтары белгіленуі мүмкін. Қарулы Күштердің әскери бөлімдерін, әскери полигондарын, әскери-оқу орындары мен өзге де ұйымдарын және қорғаныс пен қауіпсіздік саласындағы міндеттерді атқаратын басқа да әскерлердің объектілері мен ғимараттарын орналастыру және олардың тұрақты қызметі үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі берген жер учаскелері қорғаныс қажеттеріне арналған жер деп танылады. Қорғаныс қажеттеріне байланысты жаттығулар мен басқа да іс-шаралар жүргізу үшін жерді уақытша пайдалану қажет болған жағдайда жер учаскелерінің меншік иелерінен және жерді пайдаланушылардан жер учаскелері алып қойылмайды. Осы жерді пайдалану іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін, сондай-ақ ерекше шарттармен пайдаланылатын аймақтар үшін.

Жерлер тұрақты пайдалануға немесе бастапқы өтеусіз уақытша пайдаланылған жағдайда, оларға белгіленген тәртіппен салық салынуы тиіс. Жер салығының мөлшері жер иеленушілер мен жерді пайдаланушылардың шаруашылық қызметінің нәтижесіне байланысты болмайды. Жер салығы: меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар; жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша берген жерлердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері негізінде есептеледі. Заңды тұлғалардың салық салынатын объектілері бар

құрылымдық бөлімшелері жер салығын төлеушілер деп танылады. Оларға жататындар:

1. бірінғай жер салығын төлеушілер яғни шаруа қожалықтарына арналған арнайы салық режимін қолданатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша;
2. мемлекеттік мекемелер;
3. уәкілетті органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзету мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;
4. ұлы отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілген адамдар, мүгедектер сондай-ақ бала кезінен мүгедек балалардың ата-анасы
5. үй маңайындағы жер учаскелері; болып табылады

Егер жер учаскелерін иелену немесе пайдалану құқығын растайтын құжаттарда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, пайлық инвестициялық қор активтердің құрамына кіретін жер учаскесін қоспағанда, бірнеше тұлғаның ортақ меншігіндегі жер учаскесі бойынша осы тұлғалардың әрқайсысы жер салығын төлеуші болып табылады. Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер учаскесі бойынша осы пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы жер салығын төлеушілер болып табылады. Жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда пайдаланушы жер учаскесіне қатысты жер салығын төлеуші ретінде тану үшін осындай учаскені оның нақты төленуі және пайдаланылуы негіз болып табылады. Жер салығын анықтау үшін жер учаскесінің алаңы салық базасы болып табылады.

1. Меншіктегі, тұрақты жер пайдаланудағы немесе бастапқы уақытша өтеусіз жер пайдаланудағы жер учаскелеріне Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жер салығы салынады.

2. Мемлекет уақытша өтеулі пайдалануға (жалға) берген жер учаскелері үшін жер учаскелерін пайдалану құқығы алынады.

3. Жер учаскелерін мемлекеттік меншіктен жеке меншікке беру өтеулі негізде, жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша ақысы бірден төленіп не төлеу мерзімін ұзартып сату арқылы жүргізіледі, Оларға жататындар:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына-тұрғын үй-жайлардың меншік иелеріне кондоминиум объектілеріндегі мінсіз үлесі ретінде;

2) Қазақстан Республикасының азаматтарына белгіленген нормалар шегінде өзіндік үй (қосалқы) шаруашылығын жүргізу, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылыстары үшін;

3) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда, жер учаскесі меншікке өтеусіз негізде берілетін жағдайлар қосылмайды.

4) Мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жеке меншікке сатқаннан түсетін қаражат Ұлттық қорға аударылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен пайдаланылады.

5) Өзіндік үй (қосалқы) шаруашылығын жүргізу, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін өтеусіз берілген жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген жағдайда жер учаскесінің меншік иесі жер учаскесінің өзгерген нысаналы мақсаты үшін Қазақстан Республикасының заңында көзделген кадастрлық (бағалау) құнына тең болатын соманы жергілікті бюджеттің кірісіне төлеуге міндетті.

6) Мемлекеттік заттай гранттар түріндегі жер учаскелері мен жер пайдалану құқығы инвесторға осы Кодекске және Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарына сәйкес беріледі. Жер учаскесін заттай грант ретінде беру туралы атқарушы органның шешімі инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның шешімі негізінде қабылданады.

7) Меншік иесі жер учаскесін сатқан немесе жалға берген кезде, мемлекеттік емес жер пайдаланушы өзіне тиесілі жер пайдалану құқығын басқа тұлғаларға сатқан кезде, сондай-ақ ол жер учаскесін кейінгі жер пайдаланушыларға жалға берген кезде, жер учаскелері үшін төлемақының мөлшері, мерзімдері мен нысаны Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес сатып алу-сату немесе мүлік жалдау шарттарымен айқындалады. Түзету коэффициенттері мен аймақтардың шекаралары аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен селолық елді мекендерде - аудандық атқарушы органның ұсынысы бойынша аудандық өкілді органның, ал облыстық маңызы бар қалаларда (Астана және Алматы қалаларында) облыстық (Астана және Алматы қалалық) атқарушы органның ұсынысы бойынша облыстық (Астана және Алматы қалалық) өкілді органның шешімімен бекітіледі. Бұл ретте арттыратын немесе кемітетін коэффициенттердің шекті (ең жоғары) мөлшері екі еседен аспауға тиіс. Мемлекет ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін беретін жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау кезінде жер учаскесінің сапалық жай-күйіне, орналасуына, сумен қамтамасыз етілуіне, қызмет көрсету орталықтарынан қашықтығына байланысты түзету (арттыратын немесе кемітетін) коэффициенттері қолданылады. Жер учаскелерінің құнын анықтау үшін жер учаскесінің суландырылуына, оның шаруашылық орталығына қарағанда орналасқан жеріне, қызмет көрсету саласының орталықтарынан қашықтығына байланысты мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:.

- 1) жер учаскесінің суландырылуы;
 - 2) жер учаскесінің шаруашылық орталығына қатысты орналасуы;
 - 3) жер учаскесінің қызмет көрсету орталықтарынан қашықтығы, жолдардың сапасына байланысты: Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын арттыратын немесе кемітетін бірнеше факторлар болған кезде коэффициенттер көбейтіледі.
- Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын арттырудың немесе кемітудің жалпы мөлшері төлемақының базалық ставкаларының елу процентінен аспауға тиіс.

Бақылау сұрақтары:

1. Жерді пайдалану құқығының түрлері мен субъектілері

2. Қазақстан Республикасының жер кодексі
3. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлері
4. Жер учаскесіне меншік түрлері
5. Жер үшін төленетін төлемдер
6. Жер учаскесі үшін түзету коэффициенті
7. Жер учаскелерінің кадасторлық құны
8. Жерге салынатын салық ставкасы

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңы, 30 қараша 2000 жыл №109-11.
2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2000 года №442-ІІ.
3. Абрамов С.М. Инвестирование.-М.:Центр экономики маркетинга,2000.
4. Андыбаева Г.Т. Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп және есептілік Алматы: Әрекет-Print, 2009
5. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау. Алматы: Заң әдебиеті.2008
6. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау Электрондық кітап. Алматы: Нур-пресс.2010
7. Вещунова Н.Л. Бухгалтерский учет на предприятиях различных форм собственности М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф,2001

11 тақырып. Жылжымайтын мүлікті бағалау

Сабақ мақсаты: жылжымайтын мүлікті бағалауда (жер және ғимарат, құрылыс-жайлар) олар үш тәсілі: кірістік, салыстырмалы (нарықтық) және шығындар турпалы түсінік беру.

Кілт сөздер: жылжымайтын мүлік, жер және ғимарат, құрылыс-жайлар, кірістік, салыстырмалы (нарықтық) және шығындар

Дәріс жоспары:

1. Жылжымайтын мүлікті бағалау принципі
2. Өмірлік циклдің бағалауға әсері.
3. Қазақстандағы жылжымайтын мүлік объектілерінің классификациясы.
4. Бағалау объектісін суреттеу: аудан, жер учаскесі, ғимараттар .
5. Жылжымайтын мүлікті бағалау әдісі.

Жылжымайтын мүлікті бағалауда (жер және ғимарат, құрылыс-жайлар) олар үш тәсілмен қолданады: кірістік, салыстырмалы (нарықтық) және шығындар.

Кіріс тәсілін қолдану

Кіріс тәсілін бағалау объектісі жылжымайтын мүлікке 2 әдісті енгізеді:

- Капиталдық кіріс әдісі
- Дисконталған ақша ағымының әдісі

Капиталдық кіріс әдісі. Жылжымайтын мүлікті бағалауда қолданады. Иелеріне кіріс алып келуде. Жылжымайтын мүлікпен алынған кіріс мысалы, өзінің ағымдағы және болашақтағы жалға беруден түскен кіріс болашақтағы сатуда жылжымайтын мүліктің құнын өсудегі кірісін алып

келеді.Мақсатында негізгі ағым бағалау процедурасы капиталдық әдіс бағаларынан тұрады...

Бірінші ағым.Потенциалдық жалпы кірісті бағалайды.Жалпы ағымдық ставка және тарифтік талдаудан бөледі,нарықта олар жылжымайтын мүліктің салыстырмалы объектісі болып саналады.

Потенциалдық жалпы кіріс(ПЖК)-кіріс, жылжымайтын мүлікті 100% қолданғандағы есепсіз барлық түсімдермен шығындар.ПЖК бағалау объектісінің көлемінен және жалдық ставканы орнатудан тәуелді.Ол келесі формуламен анықталады.

$$ПЖК=S*Ca$$

S-аудан,жалға берудегі м

Ca-жалдық ставка 1 м

Ережедегідей жалдық ставкаөлшемі объектінің орналасуынан,оның физикалық жағдайы,жал мерзімі, каминукация және т.б. тәуелді.

Екінші ағым. Қолданбаған жылжымайтын объектіні түсімі бағалайды және төлеу түсімі. ПЖК Төмендетуде түсім өлшемі қызмет әрекетіндегі жалпы кіріс (ҚЖК) өлшемін береді, ол келесі формулада анықталады:

$$ҚЖК=ПЖК-түсулер$$

Үшінші ағым. Жылжымайтын мүлікті бағалау эксплуатациялау бойынша шығыстарды есептейді.Ағымдық шығындар орташа функционалдық объектісі қамтамасыз ету үшін және операциондық шығындар деп аталатын кірісті өндіреді.

Операциондық шығындар бөлінеді:

- Тұрақты-шартты шығындар
- Айнымалы-шартты шығындар
- Резервтік шығындар

Тұрақты-шартты шығындарға қатыст,өлшемі толық объектіні пайдалану дәрежесіне және ұсынған қызмет деңгейіне тәуелді,

Айнымалы-тұрақты шығындарға қатысты, өлшемі толық объектіні пайдалану дәрежесіне және ұсынған қызмет деңгейіне тәуелді.Жалпы айнымалы-шартты шығын комуналдық шығын болып табылады, шығын территорияны ұстап тұруға, шығындар басқаруда,персоналдық қызмет етеді және т.б.

Төртінші ағым.Тааааза жедел кірісті (ТЖК) болжамын анықтайды. ҚЖК төмендету өлшемі жедел шығыны болып табылады.ТЖК формула бойынша анықталады:

$$ТЖК=ҚЖК-жедел шығын (амортизациялық тазарт)$$

Бесінші ағым. Капитализациялық коэффициент есептейді.Бірнеше әдістерді анықтау:

- Кумулятивтік құру әдісі.
- Капитал шығын есебі капитал коэффициентін анықтау әдісі.
- Инвестициялық байланысты немесе техникалық инвестиция тобының әдісі.
- Тікелей капитал әдісі.

Шешімінде кәсіпорынның меншік капиталының бағалық құнын құнын көрсетеді.

Меншік капитал=Активтері-міндеттеме

Меншік тәсілінің базалық формуласы:

Меншік капитал=Актив-міндеттеме болып табылады.

Берілген тәсіл екі негізді ұсынады:

- Таза актив құнының әдісі
- Тарату құнының әдісі

Таза актив құнының әдісі. Таза актив құнының әдісі есептілігі бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Нарық құнын негіздеуде кәсіпорынның жылжымайтын мүлігін бағалайды.
2. Нарықтағы машина және құрал-жабдық құнын анықтайды.
3. Материалдық емес активтерді бағалайды.
4. Ұзақ және қысқа мерзімді қаржы салымдарын нарықтық құнын анығыықтайды.
5. Тауарлы-материалдық қорлардың ағымдық құнға өтуі.
6. Дебиторлық берешектің бағалануы.
7. Болашақтағы шығындарды бағалайды.
8. Кәсіпорынның міндеттемесі ағымдық құнға ауысады.
9. Актив сомасының ағымдық құнның барлық міндеттемесі нарықтық құннан есептен шығару жолмен меншік капитал құнын анықтайды.

Кумулятивті құру әдісі.

Өндірістік есепті ұйымдастыру шығын есебінің объектісі болып не саналатынына байланысты кәсіпорынның белгілі бір топтасуын қарастырыды. Мұндайда: шығындардың түрі, пайда болған жерлері, жауапкершілік орталықтары мен шығынды көтерушілер бойынша есептеу болуы мүмкін. Түрлер бойынша шығын есебі. Бұл шығынды қорытынды бақылау үшін қажетті шарт, ол кәсіпорынға өндірістік өнімнің өзіндік құн құрылымын-өзіндік құнның кейбір элементтерінің өндіріс шығындарының жалпы құнына проценттік ара қатынас есептеуге, өзіндік құнды төмендету бойынша қолда бар резервтерді айқындауға мүмкіндік береді.

Өнімніңөзіндік құнына кірген шығындардың түрлері 7 «Тауарлық-материалдық қорлар есебі» атты Бухгалтерлік есеп стандарттары және оған «Өнімнің (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) өзіндік құнына кіретін шығындардың құрамы мен жіктелуі» атты әдістемелік ұсыныстармен белгіленеді, бұлар-материалдық шығындар, еңбекті өтеуге шыққан шығыстар, әлеуметтік салық аударымдары, қосымша шығыстар.

Шығындарды пайда болған жерлері бойынша есептеу.

Шығындардың пайда болатын жері-кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесі, жұмыс орындары, учаскелері, бригадалар, цехтар кәсіпорын бөлімдері мен т.б. Мұндай әрбір учаскіге кәсіпорынның пайда болған орын номенклатурасында белгіленетін өз тіркеу номері беріледі.

Бұл есеп кәсіпорын басшылығына мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.Тұтастай кәсіпорынның да, оның құрылымдық

бөлімшелерінің де жұысты тиімділігін ықпалды және жан-жақты бақылау өнімнің өзіндік құнын калькуляцияда қажетті, өнімнің жекелеген түрлері арасындығы қосымша шығындарды бөлу.

Көтерушілер бойынша есеп. Технология мен өнім сипатына байланысты бұйымдар мен жартылай өнімдер, біртекті бұйым (тапсырыс) сериялары, құрылыс объектілері, құрылыстың біткен кезеңдері, жұмыс пен көрсетілетін қызмет түрлері яғни өткізуге арналған өнім (жұмыс, көрсетілетін қызмет) түрлері шығынды көтерушілер (носители) болады.

Егер кәсіпорын біртекті өнім бірдей негіздері шикізат пен материалдан жасала және мөлшерімен, жаңғыртып жетілдірумен (модификациясымен) айрықшаланса, онда кәсіпорынның шығынды көтерген сайын ең аз шамада азайтуға мүмкіндік пайда болады,соған орай, калькуляция амалын қарапайымдандыруға болады.

Бухгалтерлік ақпаратты жіктеудің көптеген сызбалары бар, олардың біреуін эталон деп бөлу мүмкін емес, өйткені жіктеу сызбасы ақпарат тағайындауына байланысты.

Шығындарды жіктеу әр түрлі белгілер бойынша жүргізіледі:

- өндіріс процесіндегі экономикалық рөл (негізгі және қосымша);
- өнімнің өзіндік құнына кіргізу әдісі (тікелей және жанама);
- өндіріс көлеміне қатысты(өзгермелі және тұрақты);

Шешілетін міндеттеріне қарай шығыстарды жіктеу бар:өнімнің өзіндік құны мен алынған пайданы есептеу-келген және шыққан, өндірістік және кезеңдік; бағалауда есепке алынатын және алынбайтын, болашақ кезеңнің шығындарын жоспарлау мен шешім қабылдау, қайтарымыз (өткен кезең шығыстары), жүктелген, өсіммен артатын және шектік; бақылау мен реттеу-реттелетін және реттелмейтін.

Мысалы, ресейлік стандарттар бойынша басқару шығындарына банк несиелерінің проценттері қосылады. Халықаралық көзқарасқа сай олар кіріс пен шығыс есебінде бөлек жолмен көрінеді. Пайыздарды төлеу кезіндегі кейбір шығындар салық төлегеннен кейін кәсіпорынның иелігінде қалатын пайда есебінен жабылуы мүмкін (мысалы, объектілерді салуға, банк несиелері бойынша пайыздар). Ресейлік есептілікте күмәнді қарыздар резерві басқару шығындырына кірмейді, ал GAAP-де керісінше.Ресейлік есепте бұл сомалар өткізуден тыс шығыстар құрамына кіреді. Одан басқа, басқару шығындарының бір бөлігі салықтарда қалған кәсіпорын иелігіндегі қалатын пайда есебінен жабылады, мысалы, кадрларды дайындау орталығын ұстау шығыстары кадрларды дайындауға нормадан тыс шығыстар және т.б.

Есептік кезеңдегі кәсіпорынның көтерген шығындары оның иелігінде қалатын пайда есебіне шегеріледі, МБС-та бұлай болмайды. Бұл шығыстар әлеуметтік сипатта, тұтыну қорының есебінен қаржыландырылады, игі мақсаттағы шығыстар, негізгіқұралдарды алу кезіндегі банкпен делдалдық қызмет үшін төленетін комиссияндық шығындар, кадрларды таңдау кезіндегі шығыстар.

Шығыстардың көп бөлігін салықтар мен салықтық инспекциялардың актілері бойынша өтемақылар құрайды.

Ресейлік стандартқа сай бөлінбеген пайда-салық салуға дейінгі пайда сомасы мен кәсіпорын иелігінде қалатын пайда есебімен жабылатын пайдаға салық пен шығыс арасындағы айырманы көрсетеді. Соңғы 2 қордың құралдарын мүлік алуға қолдану бухгалтерлік есеп шотында көрсетілмейді. МБС-ке сәйкес есептік жылдың бөлінбеген пайдасы салық салуға дейінгі пайда мен пайдаға салық арасындағы айырма ретінде көрінеді.

Амортизациялық аударымның халықаралық тәжірибеде аз қолданатын ресейлік нормасы. Мысалы, компьютерлік техникаға амортизация нормасы 11-12%, халықаралық көзқарасқа сай-20%.

Кәсіпорынның мүліктік жағдайы туралы мәліметтер есебінің шынайылығына инфляция әсерін төмендету үшін, не РФ статистикасы бойынша Госкомитетпен босатылатын қайта есептеу коэффициенті негізінде тек негізгі құралдардың бағалануы жүреді, не риэлторлық фирмалардың мәліметтері немесе өндірушілердің балама мүліктерінің нарықтық құны. Дегенмен мұндай бағалау кәсіпорын иелігіндегі басқа мүлікке және қаржылық нәтижеге инфляция әсерін анықтауға жол бермейді. Халықаралық тәжірибеде мүлік пен қаржылық нәтиже үшін бағалардың жалпы деңгейі индексі ұсынылатын «Гиперинфляция жағдайындағы есеп» 29 стандарты қолданылады. Қазіргі уақытта аудиторлық кәсіпорындарға есептілік трансформациясын жүргізу кезінде маркетингтік кәсіпорынның валютасын қолдануға немесе басқа тұрақты валютаны (мысалы, АҚШ доллары) қолдануға мәжбүрлейтін көрсеткіштер жоқ.

Бұл тек ерекшеліктердің бөлігі, сондықтан трансформацияның толық процедурасы тек қана уақыты ғана емес, сонымен қатар жоғары квалификациялы мамандар да қажет.

Тікелей капитализациялау әдісі.

Өндіріске шығынды есептеу жүргізетін бағыт-өндіріске арналған шығындар есебін мақсатты түрде дербес есептеуді талап ететін қызмет аумағы. Тауардың өзіндік құнын калькуляциялау, яғни шын мәнісінде қайсыбір қызмет адамының пайдаланылған ресурстарды бағалау қажет деп ойлайтынның бәрі де өндіріске жұмсалған шығысты есептеу бағыттарының мысалы болып табылады. Шығындар есебі жүйесі екі негізгі іс-қимыл үшін өндірістік шығындар, материалдар немесе қосымша шығындар (немесе шығындар қарқыны бойынша, мысалы, өзгермелік және тұрақты шығындар) сияқты белгілі бір категориялар бойынша жіктейді және оларды есеп бағыттары бойынша бөледі.

Оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау үшін ұйымның өндірістік қызметінің барлық кезеңдеріндегі шығыстарды білу қажет.

Шығыстарды талдау олардың тиімділігін анықтауға, олардың шектен тыс болу-болмауын айқындауға, жұмыстың сапалық көрсеткіштерін тексеруге, бағаны дұрыс есептеуге, шығындарды реттеу мен бқылауға, өндірістің пайда мен тиімділігін жоспарлауға көмектеседі.

Нарықтық экономикада көбінесе аяқталмаған бәсекелестік орын алады, яғни оларда ерікті баға белгілеу көптеген кедергілерден тұрады.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі нарық түріне байланысты жүргізіледі, соған байланысты тауар-ауыстырғыштар өндіретін бәсекелестерге, салаға кіру кедергілерін жасайды. талдау бәсекеге тауарлар өндіріс көлемін, Отандық өндірушілердің жалпы көлеміндегі және осы тауарды ресейлік импорттаушылар негізінде жүргізуі керек.

Жоғарыда келтірілген ақпарат көздері талдау кезінде әртүрлі шынайылық дәрежесінде болады. Сондықтан бір сұраққа әртүрлі жауап алуға болады. Шығындарды жіктеу ір түрлі белгілер бойынша жүргізіледі: өндіріс процесіндегі экономикалық рөл (негізгі және қосымша); өнімнің өзіндік құнына кіргізу әдісі (тікелей және жанама); өндіріс көлеміне қатысты (өзгермелі және тұрақты).

Шешілетін міндеттеріне қарай шығыстарды жіктеу бар: өнімнің өзіндік құны мен алынған пайданы есептеу, келген және шыққан, өндірістік және кезеңдік; бағалауда есепке алынатын және алынбайтын, болашақ кезеңнің шығындарын жоспарлау мен шешім қабылдау, қайтарымсыз (өткен кезең шығыстары), жүктелген, өсіммен партатын және шектік; бақылау мен реттеу-реттелетін және реттелмейтін.

Өндіріске шығынды есептеу жүргізетін бағыт-өндіріске арналған шығындар есебін мақсатты түрде дербес есептеуді талап ететін қызмет аумағы. Тауардың өзіндік құнын калькуляциялау, яғни шын мәнісінде қайсыбір қызмет адамының пайдаланылған ресурстарды бағалау қажет деп ойлайтынның бәрі де өндіріске жұмсалған шығысты есептеу бағыттарының мысалы болап табылады.

Шығындар есебі жүйесі екі негізгі іс-қимыл үшін өндірістік шығындар, материалдар немесе қосымша шығындар (немесе шығындар қарқыны бойынша, мысалы, өзгермелі және тұрақты шығындар) сияқты белгілі бір категориялар бойынша жіктейді және оларды есеп бағыттары бойынша бөледі.

Оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау үшін ұйымның өндірістік қызметінің барлық кезеңдеріндегі шығыстарды бөлу қажет.

Шығыстарды талдау олардың тиімділігін анықтауға, олардың шектен тыс болу-болмауын айқындауға, жұмыстың сапалық көрсеткіштерін тексеруге, бағаны дұрыс есептеуде, шығындарды реттеу мен бақылауға, өндірістің пайда мен тиімділігін жоспарлауға көмектеседі.

Сондықтан шығын басқару есебінің негізгі объектілерінің бірі болып табылады.

Ұзақ уақыт бойы шығындарды «қазандық» деп аталатын тәсілмен анықтап келді, ол кәсіпорынға өндірістің шығын бағыты, пайда болу орындары шығарылатын өнім түрлері бойынша шығындарды бақылау үшін қажетті мәліметтерді алуға мүмкіндік бермейтін.

1887 жылы ағылшын экономистері шығын туралы хабарлар болуды арттыратын және оларды бақылауды күшейтуге мүмкіндік беретін, шығын есебінің икемдірек жүйесін жасауды ұсынды. Оның негізіне шығынды шартты-тұрақты және шартты-өзгермелі деп бөлу жатты. Ғалымдар мынаны анықтады, шартты-тұрақты шығынды өзгерту өндірілген өнім көлеміне тікелей байланысты емес, ол шарт-өзгермелі шығын өндірістің көлемін

пропорциональды өсуіне немесе кемуіне тікелей ұлғаяды немесе арналған тұжырымдамалық негіздерге сәйкес шығыстарға ұйымның және т.б. негізгі қызмет барысында туындайтын шығыстар кірелі. Активтердің азаюына байланысты болашақ экономикалық пайданың кемуі ұйымның шығыстары деп танылады.

Басқаша айтсақ, шығыстарды ұйымның кіріс алуына байланысты көтерген шығындарының бөлігі деп түсіндіруге болады.

Есепті кезең қатысына орай шығыстар екі категорияға бөлінеді:

- ағымдағы есепті кезең;
- кейінгі қалдырылған.

Ағымдағы есепті кезең шығыстары ағымдағы есепті кезеңнің шаруашылық іс-әретінің фактілеріне байланысты және осы кезеңнің кірістері мен шығыстары туралы есепте танылады.

Есепті кезеңнің кірістерімен өзара байланысының белгілері бойынша олар мыналарға бөлінеді:

- осы есепті кезеңде алынған кірістермен байланыстырылған шығыстар (негізгі және негізгі емес қызмет шығыстары);
- ағымдағы кірісті алумен байланысты емес есепті кезеңнің осы (ағымдағы) шығыстары. Осы есепті кезеңнің кірістерін алу фактісіне қарамастан, кірістер мен шығыстар туралы есепте және ағымдағы есепті кезеңде танылады, мойындалады. Олар көбіне кірістің бары немесе жоғынан (мысалы, активтің амортизациясы, кеңсе бөлмелерін жалға алу жөніндегі шығыстар) гөрі, кезеңнің бар болуымен негізделеді.

Кейінге қалдырылған шығыстар болашақта ықтимал кірістер алу мақсатымен есепті кезеңде жүзеге асатын ұйымның ресурстарын қолдану жөніндегі шаруашылық операцияларымен байланысты. Олар ұйым балансында капиталдандыруға жатады.

Ұйымның болашақтағы ресурстарында пайда болу мүмкіндігі белгілеріне қарай кейінге қалдырылған шығыстар былайша бөлінеді:

- инвестициялар (күрделі қаржы);
- болашақ кезең шығыстары.

Осы негізде шығарылған және сатылған өнім көлеміне және кәсіпорын пайдасын жоспарлауға байланысты шартта-тұрақты және шартты-өзгермелі шығын жолдауға жол алатын «директ-костинг» тұжырымдамасын ұсынды. Осыған байланысты кәсіпорынның өзіндік құнды толық және дәл анықтау міндетті емес, өзін-өзі ақтамайтын шығынды болдыртпау күннен-күнге көкейкесті болып келуде. Нақты шығындарды мөлшерленгендігімен салыстыратын «стандарт-кост» жүйесінің өмірге келуі бұл міндеттің шешуі болып шықты.

Шыққан шығындар есебі әкімшілік шығыстарды ғана есептеп қана қоймай, ақталмаған шығыстардың пайда болмауы үшін алдын алып, ресурстарды пайдалануды бақылап, дами бастады. Кейіннен бұл жауапкершілік орталықтарының тұжырымдамасы қалыптасуына әкелді, соған сәйкес шығындар кәсіпорын шегінде ғана қарастырылып қоймай,

жауапты адамдар тағайындап, жауапкершілік орталықтары бойынша әртараптандырылды. Осылапса, шығындар есебі өндірістің түпкілікті өніміне назар аударып қана қоймай, тікелей өндірістік процеске де бағытталды.

Шығындардың тәсілін қолдану.

Шығындар-шаруашылық іс-әрекет барысында (еңбек, өнім өндірісі құралдары мен керек-жарақтарын алуға, жұмыс орындау, қызмет көрсетуге алынған) тұтынылған материалдық, еңбек, қаржылық және басқа ресурстардың және баланста көрсетілетін болашақта кіріс әкелу мүмкіндігі бар кәсіпорын активі ретінде көрсетілген құн. Бұдан шығатыны, «шығындар» ұғымы «өндіріске шыққан шығындар» дегеннен кең екені білінеді өндіріске шыққан шығындар-өнімді (жұмысты, көрсетілген қызметі) өндіру барысында тұтынылған ресурстар бөлігі.

Көбіне экономикалық әдебиетте «шығыстар» мен «шығындар» түсінігі ұқсастырылып, теңдестіріліп жүр, алайда бұлардың үлкен айырмашылықтары бар.

Кәсіпорынның өндірістік қызметінің мақсаты-өнім шығару, оны өткізу мен пайда алу. Барлық кәсіпорынның да, оның бөлімшелерінің өндіріс тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштердің жалпы жүйесінде басты орын құрамы оны қалыптастыратын шығындармен белгіленетін өзіндік құнға беріледі. Өндіріс шығындары-өнімді (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өндіру мен өткізуге жұмсалған қоғамдық еңбек шығындары.

Экономикалық элементтер (117000 тенге) және калькуляция баптары (114000 тенге) бойынша шығындар өндірістік емес шоттарға есеп өзгерту бөлігіне түзету элементтері бойынша жиынтыққа кірмей тұрып сандық жағынан бірдей болмайды. Шығындарды айырмашылықтар сондай-ақ ұқсас атаулардың элементтері мен калькуляция баптары бойынша да болады. Мысалы, экономикалық элемент бойынша «Еңбекті өтеу шығындары» 17000 тенге болып, ал «Еңбекті өтеу» калькуляциясының бабы бойынша 10000 тенге болып көрсетілген. Айырма жабдықты күтумен шұғылданатын еңбекшілердің еңбегін өтеу шығыстарында, яғни қосымша шығыстарда ескерілген.

Алайда экономикалық элементтер мен шығын баптары бойынша шығын есебіндегі топтасулар өзара байланысты екендігін байқаған жөн, өйткені олар субъектінің бірдей шығындарын құрамы (элементтер) және мақсатты белгілеуі (калькуляция баптары) бойынша сипаттайды.

Бұл есепте тұтастай шаруашылық жүргізуші субъект бойынша ақпаратты элементтік тұрғыда қалыптастыруға және оны шығындардың пайда болу орны мен өнім (жұмыс, қызмет көрсету), түрлері, калькуляция баптары бойынша мұқият қарастыруға, өзіндік құнды анық есептен шығаруға, кәсіпорын шығындарын бақылауды жақсартуға мүмкіндік береді. Экономикалық элементтер бойынша топтастыру олардың құрылымын оқып-үйрену, өндірістік шығыстардың сметасы қолданылады. Екі топтасу да

бірін-бірі толықтырады және өнім өндірісіне жұмсалған шығынды есептеуге, өзіндік құнды есептеу мен талдауға мүмкіндік береді.

Шығындар бір бөлімше үшін тікелей, екіншілері үшін жанама (завод менеджерлерінің еңбек ақысы-кейбір бөлімшелер үшін қосымша шығындар, алайда бүкіл завод үшін тікелей шығын) болуы мүмкін.

Тура және жанама етіп бөлу салалық ерекшеліктерге, өндірісті ұйымдастыруға, өнімнің өзіндік құнының калькуляциялаудың қабылданған тәсіліне (көмір өнеркәсібінде, энергетикада-барлық шығындар тікелей байланысты).

Бір элементтілер-бір элементтен тұратындар (еңбекақы, материалдар, ақша аударулар).

Кешенділер-бірнеше элементтен тұратындар (құрамына тиісті риске құрамның еңбекақысы, аударымдар, материалдар, амортизация мен басқадай бір элементті шығыстар кіретін цехтық шығыстар).

Өзгермелілер- мөлшері өндіріс көлемнің өзгеруіне тура сайма-сай (пропорционалды) өзгертіндер (өндірістік жұмысшылардың еңбекақысы, технологиялық энергия, отын және т.б.) және осы кезеңдегі өнім өндіруге сайма-сай бөлінеді.

Тұрақтылар-өнім өндірісі көлемнің өзгеруіне байланысты емес дерлік (жылжыту, өндірістік бөлмеге жарық беру, амортизация, жалға алу жарнамаға шығындар және т.б.). Егер көлем 10%-ке ұлғайса немесе кемісе, онда жалпы тұрақты шығындар өзгермей қалады, бірақ бір бірлікке тұрақты түседі. Өнімді шығарумен байланысты шығындар (тікелей шығындар, негізгі өндірістік қорлардың амортизациясы, негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбегін үстемелерінен бірге есептеп өтеу және т.б.) негізгілер болып табылады. Қосымша шығындар (жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық)-жалпы өндіріс пен ұйымды ұйымдастыру, қызмет ету мен басқаруға байланысты.

Бірэлементті шығындарға бір қосылғыш (амортизация материалдық шығындар, негізгі жеке құрамның еңбегін өтеу және т.б.) кіреді. Кешенді шығындар, басқаша айтсақ, шығын баптары, бірнеше экономикалық элементтерден тұрады.

Жаңа басқару шешімдерімен өзгертіле алмайтын, жасалып қойған шығыстар қайтарымызсыз шығындар деп жобаланады.

Жүктелген (болжаған) шығындар-ұйымның пайдалана алмаған пайдасы, яғни баламалы басқару шешімнің бірін талдау үшін екіншісін құрбан еткен мүмкіндік.

Өсетін шығындар ретінде өнімнің қосымша партиясын өндіру немесе өткізу нәтижесінде пайда болған шығындарды, шығын яғни белгілі бір шекке дейін ғана жұмсалатын шығын ретінде-өнім бірлігіне кететін шығынды түсінуге болады.

Басқару есебі шегінде шығындарды жауыпкершілік орталықтары бойынша басқару мен есептеу жүйесін орталықтандыру жасалады-ең басында шешім қабылдайтын және жауапкершілік көтеретін басшылар

тұрады. Цехтар, бөлімшелер, бөлімдер және т.б. осындай жауапкершілік орталықтары бола алады.

Жауапкершілік орталықтарына шығындар орталықтары, түсім орталықтары, пайда орталықтары, инвестиция орталықтары кіреді. Шығын орталығы-басшысы тек шығындар үшін жауап беретін бөлімше; түсім орталығы-түсім үшін ғана, шығындарға емес; пайда орталығы-басшысы шығындарға да, пайда үшін де жауап береді; инвестиция орталығында- (аталатын көрсеткіштерден басқа) өзінің бөлімшесі активтерін тиімді қолданғаны үшін жауапты болады. Олар: функционалды, аумақтық, ұйымдық құрылым және шығын құрылымдарының ұқсастығы.

Өндірістік шығындар есебін ұйымдастыруда екі ұйымдастырушылық аспект бар: қолданатын бухгалтерлік шоттар жүйесі мен шығындарды топтастыру тәсілдері. Мұндай есепті ұйымдастыруға мына факторлар әсер етеді: қызмет түрі: басқару құрылымы, кәсіпорын мөлшері, ұйымдастыру-құқықтық пішін және т.б.

Кез келген шығындарды жіктеу-басшыға дұрыс, тиімді негізделген шешімдерді қабылдауға көмектесу: кез келген деңгейдегі басшы мұның қандай шығын мен пайда әкелетінін білуге міндетті. Сондықтан шығындарды жіктеу процесінің мәні де басшы ықпал ете алатын шығындар бөлігін бөліп көрсетуде.

Өзіндік құнды және алынған пайданы анықтау үшін шығындар былайша жіктеледі:

- кіретін және өтіп кеткен;
- тікелей және жанама;
- негізгілер мен қосымшалар;
- өнімнің өзіндік құнына кіретін және өндірістен тыс (кезең шығыстары);
- бірэлементті және кешенді.

Кіретін шығындар-алынған және бар ресурстар, күткендегідей, болашақта табыс әкелуге тиіс. Олар баланста өндірістік қорлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім, тауар түрінде актив ретінде көрсетіледі.

Өтіп кеткен шығындар-осы шақта кіріс алу үшін жұмсалған және болашақта кіріс әкелу мүмкіндігін жоғалтқан ресурстар. Оларға өткізілген өнім өндірісіне шығын құрамында көрсетіледі, яғни кірген шығындар өткен шығындарға айналады.

Мысалы, алып-сату үшін тауар өндірісіне жұмсалған шығындар, егер бұл тауарлар өткізілмесе және қоймаларда сақталса, баланста кіретін шығындар болып тіркеледі. Егер бұл тауарлар сатылса, онда бұл кіретін шығындар өткен шығындарға жатқызылуы тиіс, ол тауарларды өткізу нәтижесінде болған шығындар сметасында көрсетіледі.

Өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнына жатқызу әдістеріне байланысты шығындар тікелей және жанама болып бөлінеді.

Өнімнің нақты түрін өндірумен нақты жұмысты(қызмет көрсету) орындауға байланысты және тікелей оларды құнына кіре алатын (материалдық шығындар мен еңбекті өтеуге тікелей шығындар) шығындар тікелей деп аталады.

Өнім бірлігіне шаққандағы тікелей шығындар мөлшері іс жүзінде өндіріс көлеміне байланысты емес және оны өндіріс тиімділігін еңбек өнімділігін арттыру, жаңа ресурс және энергия сақтайтын технологияларды енгізу жолымен төмендетуге болады. Шығындар белгіленуіне байланысты негізгі және қосымша болып бөлінеді.

Өнім өндіруге тікелей байланысты шығындар негізгі болып табылады (шикізат, негізгі материалдар, сатып алынатын жартылай өнімдер түріндегі еңбек керек-жарақтары; өндірістік мақсаттағы негізгі құрал-жабдықтардың амортизациясы қосып есептеулерімен және т.б.) кез келген кәсіпорында олар шығындардың маңызды бөлігін құрайды.

Қосымша (жанама) шығыстар өндірісті ұйымдастыру, қызмет ету және оны басқаруға байланысты пайда болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жылжымайтын мүлікті бағалау.
2. Кіріс тәсілін қолдану.
3. Капиталдық кіріс әдісі.
4. Потенциалдық жалпы кіріс.
5. Қызмет әрекетіндегі жалпы кіріс
6. Тұрақты-шартты шығындар.
7. Айнымалы-шартты шығындар.
8. Кумулятивті құру әдісі.
9. Таза жедел кіріс.
10. Тәуекелсіз кіріс ставка.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңы, 30 қараша 2000 жыл №109-11.
2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2000 года №442-ІІ.
3. Абрамов С.М. Инвестирование.-М.: Центр экономики маркетинга, 2000.
4. Андыбаева Г.Т. Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп және есептілік Алматы: Әрекет-Print, 2009
5. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау. Алматы: Заң әдебиеті. 2008
6. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау Электрондық кітап. Алматы: Нур-пресс. 2010
7. Вещунова Н.Л. Бухгалтерский учет на предприятиях различных форм собственности М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф., 2001

12 Тақырып. Кәсіпорынның құралдары мен машиналардың құнын бағалау

Сабақ мақсаты: машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалаудың мотивтері мен нақты мақсаттарының барлық көп қырлылығы туралы

Кілт сөздер: машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалау, бағалаудың индекстік әдісі, рыноктық салыстырулар әдісі

Дәріс жоспары:

- 1.Кәсіпорынның құралдары мен машиналарын бағалау.
- 2.Негізгі капиталдың алғашқы бағалануы
- 3.Негізгі капиталдың қайта бағалануы.
- 4.Кәсіпорындағы автокөліктердің бағалануы.
- 5.Офистік құрылғылардың бағалануы.

Бір жағынан негізгі қорлардың активті бөлігі деп аталатын машиналар мен құрал-жабдықтар кез-келген кәсіпорынның мүліктік кешенінің айтарлықтай бөлігі болып табылып, оның технологиялық негізін құрайды. Оларды бағалаудың мақсаты мен мотивтері көп қырлы. Алайда машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалаудың мотивтері мен нақты мақсаттарының барлық көп қырлылығы мынадай үш әр түрлі қиыспайтын мақсатты қондырғыларға жинақтала алады:

- 1) машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалаудың мүліктердің басқа түрлеріне қатысты болмауы. Әдетте, бұл жекелеген инвентарлық бірліктер бойынша немесе «шашыранды» бағалау. Мысалы, машиналар мен құрал-жабдықтардың жекелеген түрлерін оларды сату-сатып алу, жалға беру, лизингке, кепілдікке салу, т.б. мақсатта рыноктық құнын анықтауда;
- 2) негізгі қорларды бағалаудың (қайта бағалау) кезеңдерінің бірі ретінде машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалау;
- 3) кәсіпорынды тұтасынан бағалау кезеңдерінің бірі ретінде машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалау.

Біріншісіне қарағанда, екінші және үшіншісінде айырмашылығы, сөз қаралатын кәсіпорынның машиналары мен құрал-жабдықтарының барлық жиынтығын толық бағалау туралы болып отыр. Машиналар мен құрал-жабдықтар паркі жүздеген және мыңдаған бірліктерімен есептелетін орташа және әсіресе ірі кәсіпорындарда мұндай бағалау күрделірек, оны қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды қолданусыз жүргізу тиімсіз, тіпті кейде мүмкін де емес.

Екінші және үшінші жағдайларда машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалау объектісі ретінде, екінші жағынан ғимараттар мен құрылыстарды — екіншіден шектеу проблемалары туындайды. Мұндай шектеудің қажеттілігі негізгі қорлардың осы элементтерінің құнын бағалау әдістері мен технологиясының, олардың тозуы мен құнсыздануын бағалаудың әдістерінің айырмашылықтарымен туындайды.

Машиналар мен құрал-жабдықтардың бағалау объектісі ретіндегі ерекшеліктері

Машиналар мен құрал-жабдықтар бағалау объектісі ретінде мынадай ерекшелік қасиеттерімен сипатталады:

- * жермен қатты байланысты емес;
- * өзіне де, ол уақытша қосылған жылжымайтын мүлікке де орны толмайтын зиян келтірусіз басқа орынға ауыстырылуы мүмкін;
- * функционалды дербес, сондай-ақ технологиялық кешендерді құрауы мүмкін.

Санамаланған ерекшеліктер машиналар мен құрал-жабдықтарды мүліктердің басқа түрлерінен, бәрінен бұрын ғимараттар мен құрылыстардан айтарлықтай бөлектейді, мұның өзі бағалау процесін қиындата түседі.

Біріншіден, машиналар мен құрал-жабдықтар үшін 1 шаршы метр алаң, 1 текше метр көлем, 1 ұзындықтың қума метрі, тағы да басқа осындай құны сияқты жинақтаушы техникалық-экономикалық көрсеткіштер жоқ, ал машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалауда үлесті салмақтық құндарды (мысалы, салмақ тоннасын) пайдалану мүмкін болғанның өзінде өте сирек жағдайда болады.

Екіншіден, машиналар мен құрал-жабдықтардың номенклатурасы, олардың қызмет ету, құрылымдық және пайдалану сипаттамалары, демек, бағалық өлшемдері мелінше қозғалысты және радикалды өзгереді. Бұл жағдай орта бағаны немесе орташа бағалардың индекстерін бағалау мақсатында қолдану шекаралары мен мүмкіндіктерін күрт азайтады.

Үшіншіден, машиналар мен құрал-жабдықтар дәл көшірмесі түрінде сирек өндіріледі, бұның өзі көп жағдайда олардың өндіріс құны ретінде қалпына келтіру құнын тікелей анықтау мүмкін еместігін көрсетеді. Ол бұл жағдайда кең ауқымда ауытқиды, яғни өндірі құны ретінде емес, орын ауыстыру құны ретінде беріледі немесе (қабылданатын ұқсас жағдайлар болмағанда) индекстік әдістермен анықталады.

Төртіншіден, машиналар мен құрал-жабдықтар үшін жылжымайтын мүліктерге қарағанда өзінің салдарлары бойынша физикалық және функционалдық (моральдық та, технологиялық та) тозу мен құнсыздану проблемасы неғұрлым мәнді және қиын болып саналады.

Бесіншіден, машиналар мен құрал-жабдықтардың, әсіресе техниканың күрделі түрлерінің құнын анықтауда оның жабдыкталуының дәрежесін, стандарт талаптарына сәйкестігін, техникалық жағдайларын немесе тиісті түзетулер енгізе отырып, басқа да нормативті-техникалық құжаттамаларын ескеру қажет.

Сондықтан күрделі техниканы бағалаумен тағы да бір проблема қатысты, ол — бұл техниканы бағалаудың қажеттілігі мен мүмкіндігі тұтасынан бір жүйе немесе бір инвентарлық бірлік ретінде ғана емес, сондай-ақ оның негізгі құраушылары — қаралатын кәсіпорынның бухгалтерлік есебінде дербес инвентарлық бірлік есебінде тұрмауы да мүмкін желілер мен агрегаттар бойынша да туындайды.

Алтыншыдан, машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалауда кепілдік немесе посткепілдік (жөндеу) қызмет көрсету жүйесінің болуын немесе болмауын, сондай-ақ жөндеуді пайдаланушының өз күшімен жүзеге асырған жағдайда бағаланатын объектінің жөндеуге жарамдылық дәрежесін ескеру қажет. Мұнда оның жөндеудің техникалық мүмкіндігімен және оның технологиясының күрделілігімен ғана емес, сондай-ақ қосалқы бөлшектердің қажетті жабдықтарын алу мүмкіндігімен де анықталатындығын назарға алу керек. Өндірістен алынған машиналар мен құрал-жабдықтар үшін әдетте қосалқы бөлшектерді шығару да тоқтатылады.

Жетіншіден, машина және құрал-жабдықтардың тауар өндіруші желілерінің барлық агенттері алдында (бастапқы да, қайталама да рынокта) тауарды өткізу және өткізу рыноктарын ұлғайту міндеттері өткір күйінде тұр. Сондықтан да олар ұсыныс бағасының төменгі шекарасын анықтауда алу бағасына немесе қалдық баланстық құнына, оның өзіндік құнына ылғи да бағыт ұстай бермейді. Осыған қатысты ол төмендетілуі де мүмкін, аналогтар бағасына бағыт ұстауда бұны да назарға алу керек.

Сегізіншіден, алда тұрған міндеттерді шешуде неғұрлым белсенді, демек, неғұрлым жаппай сатушыларда жарнамалық және маркетингтік шығындардың машина (жабдықтар) бірлігі бағасындағы үлесі оларды бұрмалауға мүмкіндік бермейтін, кейбір жағдайларда, мысалы, қардар өнімдерді бағалауда қажет болатын ауқымды көлемге жетеді. Сондай-ақ объект-аналогтардың сату бағасын бұл элементтер бағалаушысының анықтауы ылғи да мүмкін бола бермейді, мұның өзі бағалау процесін айтарлықтай қиындата түседі.

Тоғызыншыдан, машина мен құрал-жабдықтардың құнын рыноктық салыстыру әдісімен бағалауда бағалау сәтінде бағаланатын объектінің, немесе бағалау құнының белгіленген көлеміне тиісті түзетулер енгізе отырып, объект-аналогтың «тіршілік циклы» сатысын ескеру қажет. (Тіршілік циклының әрбір кезеңіне өзіндік баға саясаты сәйкес келетіндігін ескеру қажет).

Оныншыдан, машиналар мен құрал-жабдықтардың құнын әсіресе жай әдістермен (шығынды және рыноктық салыстырулар) бағалауды жұмыс істеп тұрған машина паркінің құрамында, сондай-ақ бүгінгі машиналардың ресейлік рыногындағы импорттық құрал-жабдықтардың жоғары үлес салмағы болуы қиындатады (отандық және импорттық машиналар, әдетте, техникалық деңгейі мен сапа деңгейінен ғана емес, бағасы бойынша да сәйкес келе бермейді).

Он біріншіден, өндірушілердің, сатушылардың, орындау түрлерінің, мөлшерлерінің, типтерінің сан алуандығы, техниканың инвентарлық бірліктерінің көп санды болуы ұсыныстың өз бағасын тудырады. Ал кәсіби бағалаушы бағаның осы мұхитында өз жолын таба білуі тиісті.

Рыноктық салыстырулар әдісі

Бұл әдіс айырбаста құнды анықтаудағана жеткілікті қызмет етеді, яғни бұл арада сөз сату, кепілдікке, жалға, лизингке беру мақсатында құнды бағалау туралы болып отыр. Ақиқатында, егер құрал-жабдық демонтаж жасау немесе шығару үшін тағайындалса, оның жаңа меншік иесінің бұл жабдықтың іргетасы, монтаждау және қосу-қалыпқа келтіру жұмыстары, қалыпқа келтіру құнында ескерілгендерін төлеуі күмәнді. Басқалай жағдайда, яғни бағалау объектісін одан әрі пайдалану көзделгенде оның нағыз қондырылатын орны бойынша осы әдіспен анықталған рыноктық құнына тасымалдау, монтаждау және басқа да қондырғылық шығындары үстемеленуі тиіс.

Аналогтарды таңдауда және салыстырылатын машиналар мен жабдықтар бірлігінің ұқсастық дәрежесін анықтауда олардың жақындығы немесе ұқсастығының үш деңгейі ерекшеленеді.

Бірінші деңгей толық немесе ішінара болуы мүмкін функционалдық ұқсастықтарды білдіреді. Мұнда бағалау объектісі немесе оған ұқсас объект орындайтын функциялар көптігі кіру немесе қиылысу қатынастарында болуы мүмкін. Функционалдық ұқсастықтар бағалау объектісі де жататын машиналар тобына аналогқа кандидаттың тиесілілігімен анықталады. Функционалдық ұқсастық қандай да классификатордың — ОКОФ, тозу шығарылымдары нормалары анықтамалығы көмегімен анықталады.

Функционалдық ұқсастық болғанда екінші, неғұрлым жоғары деңгейде құрылымдық ұқсастықтар, яғни машиналардың құрылымдық, құрамы және элементтері мен олардың жабдыкталуының бір түрде болуы бойынша ұқсастығы қарастырылады.

Үшінші, ұқсастықтың неғұрлым жоғары деңгейі өлшемдік деп аталады. Ол салыстырылатын машиналардың функциялары мен құрылымдарының ғана емес, сондай-ақ олардың техникалық-экономикалық өлшемдерінің мәні мен құрамы сәйкес келуі мен ұқсастықтарын да білдіреді.

Толық ұқсастық жағдайында салыстыру объектілерінің пара-парлығы, ал ішінара және толық емес ұқсастығында — олардың үйлестігі туралы айту қабылданған.

Машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалау әдістері

Машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалауға келудің жіктелуі

Машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалауда үш жол қолданылады: шығынды, салыстырмалы және табысты.

Машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалаудың шығынды жолы ауыстыру принципіне негізделген. Шығынды жолда есептеу базасы болып табылатын ауыстыру құнын немесе қалпына келтіру құнын анықтау үшін бағаланатын объектіні құрумен, алумен және қондырумен байланысты шығындарды есептеп алу қажет.

Бағаланатын машиналар мен құрал-жабдықтардың қалпына келтіру құны ретінде бағалау сәтіне ағымдағы бағада олардың толық көшірмесінің өндірісі құны немесе ол да ағымдағы бағамен құрылымдық, қызметтік және басқа да сипаттамалары бойынша толығымен сәйкес келетін жаңа объектіні алу құны түсініледі. Қалдық құны жиынтық тозуын шегергендегі қалпына келтіру құны ретінде анықталады.

Бағаланатын машиналар мен құрал-жабдықтардың ауыстыру құны ретінде ағымдағы бағада барлық қызметтік, құрылымдық және іске қосупайдалану сипаттамалары бойынша мейлінше жақын бағаланатын ұқсас жаңа объектіні алудың төменгі құны түсініледі. Ауыстырудың қалдық құны тозуды шегергендегі ауыстыру құны ретінде анықталады.

Осылайша, бірінші жағдайда сөз идентитті, ал екіншісінде ұқсас объектілер болып отыр.

Шығынды тұрғыдан келудің негізгі кемшілігі — ағымдағы немесе әлеуетті меншік иесі үшін пайдалылық дәрежесінің әлсіз есебі жүргізілуі.

Машиналар мен құрал-жабдықтардың құнын бағалаудың салыстырмалы түрі бәрінен бұрын тікелей салыстыру жолымен ұсынылады.

Машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалаудың табысты түрі.

Бағалаудың шығындық әдістері

Машиналар мен құрал-жабдықтарды бағалауға шығындық тұрғыдан келуде мынадай әдістер ерекшеленеді: бір түрдегі объекті бағасы бойынша есептеу әдісі; элементтер бойынша есептеу әдісі; бағалаудың индекстік әдісі.

Бір түрдегі объекті бағасы бойынша есептеу әдісі.

Есептеу мынадай бірізділіктермен жүргізіледі:

1. Бағаланатын объектілер үшін бағаланатынға ұқсас, бәрінен бұрын дайындалу технологиясы, пайдаланылған материалы, құрылымы бойынша ұқсастығы іріктеледі. Бір текті объектіге баға белгілі болуы тиіс.
2. Бір текті объектінің өндірісінің толық өзіндік құны мына формула бойынша анықталады:

$$\text{Сп.од.} = (1 - \text{Н}_{\text{дс}}) \times (1 - \text{Н}_{\text{пр}} - \text{К}_{\text{р}}) \times \text{Цод} / 1 - \text{Н}_{\text{пр}}$$

мұнда Сп.од. – бір текті объектінің өндірісінің толық өзіндік құны;

$\text{Н}_{\text{дс}}$ - қосымша құнға салық ставкасы;

$\text{Н}_{\text{пр}}$ -пайдаға салық сатвкасы;

$\text{К}_{\text{р}}$ - өнім рентабелділігі көрсеткіші;

Цод - бір текті объекті бағасы.

Бағаланатын объектінің толық өзіндік құны есептеледі. Бұл үшін бір текті объектінің өзіндік құнына объекті массасындағы айырмашылықтарды есептейтін түзетулер енгізіледі:

$$\text{СП} = \text{Сп.од.} \times G_0 / G_{\text{од}}$$

мұнда СП- бағаланатын объект өндірісінің толық өзіндік құны;

$G_0 / G_{\text{од}}$ – бағаланатын және бір текті объектілердің тиісінше құрылым массасы.

Бағаланатын объектінің қалпына келтіру құны мына формула бойынша анықталады:

$$S_{\text{в}} = (1 - \text{Н}_{\text{пр}}) \times C_{\text{п}} / (1 - \text{Н}_{\text{пр}} - \text{К}_{\text{р}}),$$

мұнда $S_{\text{в}}$ -бағаланатын объектінің қалпына келтіру құны.

Егер сұраныс жоқ машиналар мен құрал-жабдықтар бағаланатын болса, онда олардың құны өзіндік құны деңгейінде қабылданады.

Элемент бойынша есептеу әдісі. Бұл әдісті пайдалануда жұмыстың мынадай кезеңдері жүзеге асырылады.

1. Бағаланатын объектінің агрегаттары мен құрастырушы желілерінің тізімі жасалады. Жасақталатын өнімдердің дамыған рыногы болған жағдайда құрастыру бойынша бағалы ақпараттар жинақталады.

2. Бағалау объектісінің толық өзіндік құны анықталады мына формула бойынша анықталады:

$$C_{\text{п}} = \sum \text{Ц}_{\text{з}} + \text{В},$$

мұнда $C_{\text{п}}$ – бағаланатын объектінің толық өзіндік құны;

$\text{Ц}_{\text{з}}$ - жинақталатын агрегаттың немесе желілердің құны,

В - дайындаушының өз шығындары (мысалы, жинақтау құны).

Бағалаудың индекстік әдісі. Бұл әдісті пайдалануда бағалау объектісі базалық құнының (бастапқы баланстық құны немесе алдыңғы қайта бағалау бойынша қалпына келтіру құны) тиісті кезеңде машиналар мен құрал-жабдықтардың тиісті тобы бойынша баға өзгерісі индексі көмегімен (немесе индекстер тізбегі) қазіргі заманғы деңгейге келтіру жүзеге асырылады:

$$S_b = S_0 Y,$$

мұнда S_0 - объектінің базалық құны;

Y - баға өзгерісі индексі.

Бағаланатын объектінің өзіндік құны жинақталатын шығындарды индекстеуді жүзеге асыруға болады. Мұнда ресурстардың бағалық индекстері пайдаланылады. Машиналар мен құрал-жабдықтардың қалдық құнын анықтау үшін қалпына келтіру құнынан жиынтық тозулар: физикалық, функциональдық және сыртқы тозулар шығарылып тастайды.

РФ Мемстаткомы коэффициенттері негізінде негізгі қорларды нормативті қайта бағалау бағалаудың индексті әдісінің жеке жағдайы болып табылады.

Баға өзгерісі индексі ретінде мыналар пайдаланыла алады:

- жалпы ішкі өнім индекс-дефляторы;
- өнеркәсіп өнімдері өндірушілерінің баға жиынтық индексі;
- негізгі қорларды индексациялау үшін қолданылатын құнсыздану индексі;
- РФ Мемстатком ақпараттық-статистикалық жұмыстар орталығы жасаған салалар мен тауарлы топтар бойынша орташа индекстер;
- бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған валюталық бағамдар мен жалпы құнсызданудың индекстері.

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорынның құралдарымен мен машиналарымен бағалау.
2. Негізгі капиталдың алғашқы бағалануы. Негізгі капиталдың қайта бағалануы.
3. Кәсіпорындағы автокөліктерінің бағалауы.
4. Офистік құрылғылардың бағалануы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңы, 30 қараша 2000 жыл №109-11.
2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2000 года №442-II.
3. Абрамов С.М. Инвестирование. -М.: Центр экономики маркетинга, 2000.
4. Андыбаева Г.Т. Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп және есептілік Алматы: Әрекет-Print, 2009
5. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау. Алматы: Заң әдебиеті. 2008
6. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау Электрондық кітап. Алматы: Нур-пресс. 2010
7. Вещунова Н.Л. Бухгалтерский учет на предприятиях различных форм собственности М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф., 2001

13 тақырып. Кәсіпорынның айналым капиталының құнын бағалау

Сабақ мақсаты: айналым қаражаттары құрылымы туралы түсінік беру

Кілт сөздер: айналым қаражаттары, бөлінбеген пайда, банктердің валюта кредиттері

Дәріс жоспары:

- 1.Өндірістік айналым қорды бағалау.
- 2.Құралдарды бағалау әдісі.
- 3.Айналым қорын бағалау

Кәсіпорындардың іс-әрекетін қамтамасыз етудегі міндетті шарт –қолда бар айналым қаражаттарының болуы. Айналым қаражаттары –бұл өндірістік айналым қорларын құру, пайдалану және үздіксіз өндірістік процестер мен өнімді өткізуді қамтамасыз ету үшін авансылаудың ақшалай қаражаттарының мәні –ұдайы өндірістік процестердің қажеттілігін қамтамасыз етудегі экономикалық рөлімен анықталады.

Айналым қаражаттары өндіріске бірнеше рет қатысатын негізгі қорларға қарағандағы айырмашылығы, ол тек бір ғана өндірістік кезеңде қызмет етеді және өндірістік тұтыну тәсіліне тәуелсіз өзінің құнын тікелей дайын өнімге апарады.

Айналым қаражаттарының құрылымы деп –барлық жиынтығындағы олардың бөлек элементтерінің арақатынасын айтады. Кәсіпорындағы айналым қаражатының құрылымына талдау жасау және оны жетік білу маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Себебі, белгілі бір шамада қаржы жағдайы кәсіпорын қызметінің не ол, не бұл мезетін сипаттайды.

Кәсіпорында айналым қаражатының құрылымы тұрақсыз және көптеген себептердің ықпалымен өзгеріп те отырады. Әрбір нақты кәсіпорында айналым қаражатының шамасы, олардың құрамы мен құрылымы, өндірістік сипаты мен күрделілігіне, өндіріс кезеңінің ұзақтығына, оларды жеткізу жағдайына және т.б. байланысты болады.

Өндірістің нәтижелілігін арттыру жөніндегі шараларды белгілеген кезде кәсіпорындардың өндіріс процесінің маңызды заттың элементі болып табылатын өндірістік айналым қорларын тиімді пайдалануға кәсіпорын ұжымдарының айрықша назар аударғаны жөн.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің валюта ресурстарын қалыптастырудың келесі көзі – банктердің валюта кредиттері. Өнім өндірумен немесе қызмет көрсетумен айналысатын, басымдық сипаты бар, саланы, аймақты, жалпыұлттық шаруашылықты дамыту тұрғысынан маңызды немесе дамудың тиісті бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысатын компаниялар, фирмалар үшін шетел банктерінен алынған кредиттерді елдің үкіметі кепілдендіре алады.

Айналым қаржылары үнемі қозғалыста болады. Бір өндірістік кезең аралығында олар үш сатыдан тұратын ауыспалы айналым жасайды. Бірінші сатыда кәсіпорын ақша қаражаттарын еңбек заттарына сатып алу үшін шарттарды төлеуге жұмсайды. Бұл сатыда айналым қорлары айналыс аясынан өндіріс саласына өтеді.

Екінші сатыда алынғын айналым қорлары өндіріс процесіне тікелей өтіп, әуелде өндіріс қосалқы қорларына және шала фабрикаттарға, содан соң аяқталған өндіріс процесі –дайын өнімге айналады.

Үшінші сатыда дайын өнім сатылады, нәтижесінде айналым қорлары өндіріс саласынан айналыс аясына, қайтадан ақшалай нысанына келеді. Бұл қаржылар жаңадан еңбек құралдарын алуға жұмсалып, жаңа ауыспалы айналымға шығады. Айналым қорлары бір мезгілде айналымның барлық үш сатысында да белгілі орында болады. Бір нәрсенің әрбір мезеті сатып алынады, өндіріледі, сатылады және қайтадан сатып алынады. Нақ осы жағдай өндірістің үздіксіздігін, тоқтаусыздығын және өндірілген өнімдерді сатуды қамтамасыз етеді. Әрбір сатыдағы айналым қаражаттарының тұрған уақыты бірдей емес. Ол өнімнің тұтынушылық, технологиялық және оны өндіру, сату ерекшеліктеріне байланысты.

Ауыспалы өнім қаражаты мына тәсілмен шығады: А-Қ-Ө-Д-А1;
Мұндағы А - шаруашылық субъектілерін авансылаудағы ақша қаражаттары;
Қ - өндіріс құралы;
Ө - өндіріс;
Д - дайын өнім;
А1 - өнімді сатудан түскен және өзіне қосылған пайданың ақша қаражаттары.

Айналым қаражаттарының айналымдылығын сипаттайтын бірнеше көрсеткіштер болады. Олардың ішіндегі ең қарапайымы –айналым қаражатының айналымдылығының коэффициенті. Ол мына формуламен анықталады:

Мұнда, $\bar{O}_k$ – белгілі бір кезеңде өткізілген өнімнің құны;
 O_k – сол кезеңдегі айналым қаражатының орташа қалдығы.

Егер де өткізуден алынған түсім бір жылға есептелгенде, онда айналым қаражаты алынады.

Пайданы үйлестіру объектісі кәсіпорынның баланстық пайдасы болып табылады. Оны үйлестіруді пайданың бір бөлігін бюджетке жолдау деп түсінуге болады. Пайданы үйлестіру заңдылығы салық және басқа да төлем шарттары түрінде түрлі деңгейде бюджетке түсетін бөлігі. Пайданы үйлестірудің бағытын анықтау, кәсіпорынның қарауында қаралатын, құрылым статьясын пайдалану кәсіпорынның құзіретіне жатады.

Пайданы үйлестіру принциптері:

- Кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық және қаржы қызметі нәтижесінен алынған пайданы шаруашылық субъектісіретінде мемлекет пен кәсіпорынның арасында бөлінеді;
- Мемлекет алған пайданың бөлігі салық және алым ретінде бюджетке түседі. Мөлшерлеменің өзгеруі мүмкін емес. Салықтың құрамы және алымы, оларды шектеудің және бюджет жарнама тәртібі заңды түрде белгіленеді.
- Салықтан кейінгі кәсіпорынның қарауында қалатын пайда мөлшері өнім көлемінің артуы және өндірістік-шаруашылық және қаржы қызметінің жақсаруына оның мүдделілігі кемімеуі керек;

- Кәсіпорынның қарауында қалатын пайда әуелі кәсіпорынның одан әрі дамуын қамтамасыз ететін қорланымға бағытталады. Ал қалған бөлігі тек тұтынуға кетеді.

Кәсіпорынның қарауында қалатын барлық пайда екі бөлікке бөлінеді:

1. Кәсіпорынның мүлкін көбейтеді және тұтыну процесіне қатысады.
2. Тұтынуға пайдаланатын пайда үлесін сипаттайды.

Бөлінбеген пайда кең мағынада пайда ретінде тұтынуға пайдаланған және өткен жылдардағы пайдаланбаған пайда кәсіпорынның қаржы орнықтылығын кейінгі дамуы үшін қаржы көздерінің бар болуы дәлелденді.

Кәсіпорында пайданы үйлестіру және пайдалану тәртібі оның жарғысында тіркеліп қойылады және оны кәсіпорын басшысы бекітеді.

Тиімділік деп кәсіпорын қызметінің тиімділігінің ең басты экономикалық көрсеткіші аталады. Оның екі түрі бар:

1. Кәсіпорынның тапқан пайдасының өндірістің негізгі және айнымалы қорларының құнына қатысты;
2. Кәсіпорынның тапқан пайдасының сатылған өнімнің өзіндік құнына қатысты.

Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігінің басты шарты –еңбек өнімділігінің барынша арттыру және өзіндік құнды арзандату . Басқа да біркелкі жағдайларда өнімнің өзіндік құны неғұрлым арзан болған сайын тиімділік соғұрлым жоғары болатыны белгілі. Сонымен қатар кәсіпорын тиімділігіне өнімнің немесе шығыратын тауарлардың сапасы да едәуір ықпал етеді. Өйткені жоғары сапалы өндірілетін тауарларды көтеріңкі бағамен сата алады.

Бақылау сұрақтары:

1. Табыс дегеніміз не? Оның түрлері.
2. Бір өндірістік кезең аралығында айналым қаржылары үш сатыдан тұратын ауыспалы айналым жасайды. Соларды ата.
3. Пайданы үйлестіру принциптері.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңы,30 қараша 2000 жыл №109-11.
2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2000 года №442-II.
3. Абрамов С.М. Инвестирование.-М.:Центр экономики маркетинга,2000.
4. Андыбаева Г.Т. Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп және есептілік Алматы: Өрекет-Print, 2009
5. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау. Алматы: Заң әдебиеті.2008
6. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау Электрондық кітап. Алматы: Нур-пресс.2010
7. Вещунова Н.Л. Бухгалтерский учет на предприятиях различных форм собственности М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф,2001

14 тақырып. Кәсіпорынның материалдық емес активтерін бағалау

Сабақ мақсаты: материалдық емес активтер туралы түсінік беру

Кілт сөздер: материалдық емес активтер, "Ноу-Хау", ұйымдастыру шығындары, гудвилл, франчайзинг, сауда маркалары, авторлық құқық

Дәріс жоспары:

1. Материалдық емес активтерді бағалау.

2. Қосымша пайда әдісі

Материалдық емес активтер – белгілі бір нақтылы табиғи пішіні жоқ, ақша немесе зат түріндегі активтер қатарына жатпайтын, бірақ қандай да бір бағаға, құнға бағаланатын болғандықтан кәсіпорынға өнім өндіруде, тауарларды сатуда, қызмет көрсетуде, негізгі құралдарды жалға беруде немесе әкімшілік қызмет барысында үнемі, яғни ұзақ уақыт бойы қосымша табыс әкелетін активтер.

Кәсіпорында материалдық емес активтердің қатарына Лицензиялық келісімдерді, Программалық жабдықтарды, Патенттерді, Ұйымдастыру шығындарын, Гудвиллді, Франчайзингті, Сауда маркаларын, Авторлық құқықты жатқызуға болады.

Кәсіпорында материалдық емес активтер басқа заңды немесе жеке тұлғалардан сатылып алыну, басқалардың субсидия ретінде немесе сыйға беруі барысында, сондай-ақ кәсіпорынның өз ішінде ойлап табуы негізінде пайда болады.

Объектілерді материалдық емес активтердің қатарына кіргізу тәртібі және олардың құрамы белгіленген заңдарға сәйкес тиісті нормативтік актілерде қарастырылған.

Материалдық емес активтер кәсіпорынның балансында бастапқы құны бойынша кіріске алынады. Бұл материалдық емес активтердің бастапқы құны бойынша анықталады:

- Құрылтайшылар мен үлес қосушылардың кәсіпорынға жарғылық қорына қосқан үлесі есебінен келіп кіріске алынған материалдық емес активтердің бағасы екі жақты нақты келісім бойынша бағаланады.

- Заңды тұлғалар мен жеке адамдардан тегін, сый ретінде алынған материалдық емес активтер сол уақыттағы нарықтық баға бойынша бағаланады.

- Басқа заңды тұлғалардан, сондай-ақ жеке адамдардан сатылып алынған материалдық емес активтер, ол объектілерді сатып алуға және оларды пайдалану үшін жұмсалған шығындар сомаларының қосындысы бойынша бағаланады.

- Бұл материалдық емес активтердің баланстық бағасын анықтаудың жалпы әдісі болып табылады. Бірақ кейбір материалдық емес активтердің бастапқы құнын анықтаудың ерекшеліктері бар. Бұған мысал ретінде соңғы уақыттарда акционерлік қоғамдар мен жекешеліндірілген шаруашылық субъектілерінде және басқа да ұйымдарда қолданылып жүрген "Ноу-Хау" деген ұғымды келтіруге болады.

"Ноу-Хау" деп шаруашылық қызметі, яғни пайдаланылуы барысында субъектіге табыс беретін жаңа технологиялық шешімдер мен жаңалықтарды, құпия мәліметтерді, айрықша құқықтарды, яғни жеке тұлғаның өзі тапқан ғылыми және басқадай жаңалығын айтуға болады. "Ноу-Хау" жалпы "патент" сияқты болып көрінгенмен одан өзгеше болып келеді. Кәсіпорындар патентті сатып алады, сондықтан ол үшін сатып алуға қаржы жұмсалғандықтан оның бастапқы құны болады. Көп уақыттарда "Ноу-Хау"-ды кәсіпорынның үлес қосушылары мен құрылтайшылары өздерінің ұйымдағы жарғылық қорға қосқан үлесі есебінде береді. "Ноу-Хау"-дың бағасы, яғни бастапқы құны оны кәсіпорынға кіріске алатын, яғни балансқа алатын уақыттағы екі жақты нақты келісім бойынша белгіленеді.

Материалдық емес активтердің жоғарыда аталып өткен түрлерінің бірі "Лицензиялық келісімдер". Ол белгілі бір заңды тұлғаның бір тауарды өндіру немесе сату құқын екінші бір заңды тұлғаға беруі болып табылады. Ал бұл құқыққа ие болған кәсіпорын оның иесіне, яғни лицензиялық келісімдерді берушіге ол материалдық емес актив үшін тиісті белгіленіп келісілген мөлшерлерде қаржы төлейді немесе келісім бойынша басқа да міндеттерді орындайды.

Материалдық емес активтердің "Программамен жабдықтау" деп аталатын түрі кәсіпорынның алдағы уақыттарда істелінетін жұмыстарына қатысты табыс әкелетін ақпараттармен мәліметтерді айтады.

"Патент" деп аталатын материалдық емес актив жеке адамның немесе топтың, сондай-ақ заңды тұлғаны ашқан, ойлап тапқан жаңалығын мемлекеттік тұрғыдан мойындап және ол жаңалықты ашқан адамға, топқа немесе заңды тұлғаға жаңалығын өз пайдасына қолдануына рұқсат беру туралы құжат болып табылады. Сонымен қатар, "Патент" деп кәсіпкерліктің кенйбір түрімен айналысу үшін берілген құқықты куәландыратын құжатты айтады. Кәсіпкер патентті алар уақытында патенттік баж төлеуі керек.

"Ұйымдастыру шығындарына" – кәсіпорынды жаңадан ашу, құру кезінде жұмсалған шығындар, яғни ұйымды тіркеуден өткізу үшін заң орындарына төленген төлемдер, банктерден есеп айырысу немесе валюталық, басқадай шоттар ашу үшін жұмсалған шығындар, жарнамалар үшін төленген төлемдер және басқа да жұмсалған шығындар жатқызылады.

Материалдық емес активтердің "Гудвилл" деп аталатын түрі материалдық емес активтер шотында есептелініп және сонымен қатар ол бір кәсіпорын екінші бір кәсіпорынды толығымен, яғни түгелдей сатып алған кезде немесе екі кәсіпорын қосылған уақытта ғана пайда болады. "Фирма бағасы" болып сатылып алынған кәсіпорынның нақты нарықтық бағасымен оның барлық активтерінің баланстық құны арасындағы айырмасы есептелінеді. Егер де сатылып алынған ұйымның барлық активтерінің сатылып алынған құны олардың баланстық құнынан артық болса, онда құндар арасындағы айрмашылық "жағымды гудвилл", ал кем болған жағдайда "жағымсыз гудвилл" деп аталады.

Материалдық емес активтерді бағалау

Басқа кәсіпорындар мен адамдардан ақыға сатып алынған материалдық емес активтер есепте оларды сатып алуға жұмсалған нақты шығындардың сомасымен көрсетіледі.

Кәсіпорынға өтеусіз келіп түскен материалдық емес активтер сараптау жолымен бағаланады.

Жарғылық капиталға салым ретінде құрылтайшыдан келіп түскен активтер есепте тараптардың келісімімен белгіленген құн бойынша көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің қолда бары мен қозғалысының есебі төмендегідей активтік шоттарында жүргізіледі:

- лицензиялық келісімдер;
- бағдарламалық қамтамасыз ету;
- патенттер;
- ұйымдастыру шығындары;
- гудвилл;
- басқалар.

Материалдық емес активтердің келіп түсуі мен шығуы бір данада жасалған №1-нысандағы "Материалдық емес активтерді қабылдау-өткізу актісінде" көрсетіледі.

Актіде мыналар көрсетіледі:

- Материалдық емес активтердің дәл атауы;
- Кәсіпорынға өткізілген күні;
- Объектінің сипаттамасы;
- Бастапқы құн;
- Амортизация нормасы.

Материалдық емес активтер басқа кәсіпорынға табыс етілгенде акт екі данада жасалады: өткізуші және қабылдаушы кәсіпорындарға. МЕА шоттары бойынша талдамалы есеп материалдық емес активтерді есепке алудың №2 МЕА нысанындағы инвентарлық карточкасында жүргізіледі. Инвентарлық карточкалардың деректерін материалдық емес активтерді есепке алу ведомосінде топтастырады, онда мыналар көрсетіледі:

- а) материалдық емес активтердің атауы;
- ә) ай басындағы және соңындағы қалдықтар;
- б) ай ішіндегі қозғалысы.

Бақылау сұрақтары:

1. Материалдық емес активтер дегеніміз не?
2. Материалдық емес активтер қалай бағаланады?
3. Материалдық емес активтер кәсіпорынның балансында қандай құн бойынша кіріске алынады?

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңы, 30 қараша 2000 жыл №109-11.
2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2000 года №442-ІІ.
3. Абрамов С.М. Инвестирование.-М.:Центр экономики маркетинга, 2000.

4. Андыбаева Г.Т. Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп және есептілік Алматы: Әрекет-Print, 2009
5. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау. Алматы: Заң әдебиеті.2008
6. Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау Электрондық кітап. Алматы: Нур-пресс.2010
7. Вещунова Н.Л. Бухгалтерский учет на предприятиях различных форм собственности М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф,2001

15.Тақырып. Шет ел тәжірибесімен бизнес (кәсіпорын)құнын бағалау
Сабақ мақсаты: кәсіпорынның бизнесін бағалауда шетелдік тәжірибелермен салыстырудағы теориялық мәліметер туралы түсінік беру.

Кілт сөздер: маманданған бағалаушылар, салыстырмалы әдіс. инвестициялық әдіс, қалдық әдісі, пайда әдісі, алмастыру құны немесе мердігер әдісі.

Дәріс жоспары:

- 1.Шет елдегі құнды бағалау бойынша профессионалды ұйымдар.
- 2.Бағалау қызметінің мамандандырылуы
- 3.Ресейлік риэлторлардың гильдиясы.
- 4.АҚШ-шағы риэлторлық фирмалардың қызметі.

Великобританияда маманданған бағалаушылар қызметін мемлекеттік реттеу жоқ. Кез келген адам бағалаушы ретінде бизнеспен айналысуына және мүлікті бағалауды қолға алуына болады. Бұл бағалаушының өзінің қызметін бағалауға мүмкіндік береді.

Великобритания мемлекеті бағалаушыларды лицензиялап, аттестацияламағасын, олар бағалау стандартын бекітпейді.Бірақ та бағалау стандарттары 70 жылдан бері елде қолданылып келеді.

Стандартты бағалау бірінші рет 70 жылдарда құрылды, британдық мүлік нарығы тез көтеріліп, содан соң төмен құлдырауы әсер етті. Бағалау сапасы туралы сұрақ, бағалау негізіне қарап, мүлікті сатып алған немесе жалға алған меншік иелері, шамалы уақыттан кейін олардың мүлігінің тез төмен бағаға түсуі себеп болды.

Төменде британдық бағалаушылармен қолданылатын бағалаудың бес әдісі келтірілген:

- Салыстырмалы әдіс.
- Инвестициялық әдіс
- Қалдық әдісі
- Пайда әдісі
- Алмастыру құны немесе мердігер әдісі.

Алайда, Британдық бағалаушылардың ұстануға тиіс талаптардың тізімі төмендегідей:

1. Кез келген бағалау кезінде қолданылуы тиіс, «Бағалау бойынша басшылық»;
2. Бағалаушылар клиенттердің талабын түсінуі керек;

3. Анықталған мақсатпен орындалатын, бағалаулар, нақты және анықталған негізде болуы керек;
 4. Бағалаушы өзінің жауапкершілікке ала алатын , бағалау саласын алу керек;
 5. Бағалаушының есебі «Бағалау туралы есеп» бейнеленуі керек.
- Британдық тәжірибеде мүліктің даму жобасының процесін екі кезеңге бөледі:
- Сапалық бағалау;
 - Сандық бағалауды құру.

АҚШ та мүлікті бағалаушылар, тәртіп бойынша бизнесті бағалаудың жеке немесе интеллектуальды меншікпен айналыспайды.

АҚШ та мүлікті бағалау шағын бағалау компанияларының қызмет аймағы. Ондай фирмалар бәр адамға немесе екі адамға тиесілі болады. Ондай фирмаларда үш он адамнан жұмыс жасайды. Бір жағынан ірі фирмалар да бар. Олар әрі жобаларды бағалайды,

Бағалаушының дұрыс бағалауы ақпаратты жинауында.

Бақылау сұрақтары:

1. Бағалаудағы біздің ел мен шет елдің арасындағы айырмашылық қандай?
2. Бағалауды кім жүргізеді?
3. Бағалау қандай құжатпен реттеледі? Бізде және шет елде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Г.Грязнова, М.А.Федотова. Оценка бизнеса. Москва, 1998
2. В.Есипов, Г.Маховикова, В.Терехова. Оценка бизнеса. Москва, 2003
3. Гранова И.В. Оценка недвижимости- СПб: Питер 2001.
4. Богатин Ю.В, Швандар В.А. Оценка эффективности бизнеса и инвестиции: Учеб. пособие для вузов – М: Финансы , ЮНИТИ-ДАНА, 1999

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңы, 30 қараша 2000 жыл №109-11.
2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2000 года №442-ІІ.
3. Абрамов С.М. Инвестирование.-М.:Центр экономики маркетинга,2000.
4. Андыбаева Г.Т. Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп және есептілік Алматы: Әрекет-Print, 2009
5. Аскарова Ж.А. Бизнесті бағалау. Алматы: Заң әдебиеті.2008
6. Аскарова Ж.А. Бизнесті бағалау Электрондық кітап. Алматы: Нур-пресс.2010
7. Вещунова Н.Л. Бухгалтерский учет на предприятиях различных форм собственности М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф,2001
8. Ибрашева А.Ж. Баға калыптастыру курсы: Оқу бағдарламасы. Экономикалық маманд. студ. арн. 050506-Экономика, 050507-Менеджмент, 050508-Есеп және аудит, 050509-Қаржы, Ақтобе: Қ. Жубанов ат. АМУ РББ.2010Бердников Т.Б. Оценка ценных бумаг: Учеб.пособие.- М.: ИНФРА- М,2003.
9. Богатин Ю.В., Швандар В.А. Инвестиционный анализ. Учебное пособие для вузов.-М.:ЮНИТИ-ДАНА,2000.
- 10.Грибовский С.В. Оценка доходной недвижимости.-СПб: Питер,2001.
- 11.Золотогоров В.Г. Инвестиционное проектирование.- Минск: Экоперспектива,2001.
- 12.Ковалев В.В. Методы оценки инвестиционных проектов.-М.: финансы и статистика,2001.
- 13.Колтынюк Б.А. Инвестиционные проекты: Учебник.-СПб.: Изд-во Михайлова В.А.,2000.
- 14.Ковалев В.В. Методы оценка интеллектуальной собственности.- М.:Финансы и статистика,2001.

Қосымша әдебиеттер

1. Безруких П.С. «Бухгалтерский учет». М., ФинСтат.1996
2. Блейк Д., Аман О. Европейский бухгалтерский учет Пер. с англ. М.,1997
3. Ержанов М.С., Ержанов С. «Учетная политика». Алматы, 1997
4. Журнал-Бухгалтер кітапханасы. Алматы 2010-2013ж.
5. Журнал -Бухгалтер бюллетені. Алматы 2013-2014ж.
6. Журнал -Бухгалтер файлы. Алматы 2013-2014ж.
7. Салық және бухгалтерлік есеп. Алматы БИКО 2010-2013